1-ескерту: 3А001.а.3 А001.а.10 немесе 3А001. 12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген басқа, 3А001 немесе 3А002 тармақтарда көрсетілген жабдық пен компоненттер секілді арнайы әзірленген немесе дәл сондай функционалдық сипаттарға ие жабдық пен компоненттердің бақылау мәртебесі, басқа жабдықтың секілді бақылау мәртебесі бойынша айқындалады.

2-ескерту: 2А001.а.3-тен бастап 3А001.а.9-ға немесе 3А001.а.12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген, бағдарламалары басқа жабдық үшін нақты функцияларды орындауға өзгертілуі немесе әзірленуі мүмкін болмайтын интегралды схемалардың бақылау мәртебесі басқа жабдықтың бақылау мәртебесі бойынша айқындалады.

Ерекше ескерту: Дайындаушы немесе өтініш беруші басқа жабдықтың бақылау мәртебесін айқындай алмайтын жағдайларда бұл мәртебе 3А001.а.3-тен бастап 3А001.а.9-ға және 3А001.а.12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген интегралдық схемалардың бақылау мәртебесімен айқындалады.

Егер интегралдық схемалардың 3А001.а.3 тармақта көрсетілген "микроЭЕМ" кремнийлі микросхема немесе микробақылау микросхемасы болып табылса және сөздік операндасының ұзындығы 8 битт немесе одан аз болса, онда оның бақылау мәртебесі 3А001.а.3 тармаққа сәйкес айқындалуы тиіс.

3А001 Мыналар секілді электрондық компоненттер:

1-ескерту: басқа жабдық сияқты арнайы әзірленген немесе дәл сондай функционалдық сипаттарға ие 3А001.а.3 бастап А001.а.10 немесе 3А001. 12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген жабдықтар мен құрауыштардан басқа, 3А001 немесе 3А002 тармақтарында көрсетілген жабдық пен құрауыштардың бақылау мәртебесі басқа жабдықтың бақылау мәртебесі бойынша айқындалады.

2-ескертпе: 2A001.а.3-тен бастап 3A001.а.9-ға немесе 3A001.а.12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген, бағдарламалары өзгертіле алмайтын, немесе басқа жабдық үшін нақты функцияларды орындау үшін әзірленген интегралды схемалардың бақылау мәртебесі басқа жабдықтың бақылау мәртебесі бойынша айқындалады.

Арнайы ескертпе: дайындаушы немесе өтініш беруші басқа жабдықтың бақылау мәртебесін айқындай алмайтын жағдайларда, бұл мәртебе 3A001.а.3-тен бастап 3A001.а.9-ға және 3A001.а.12-ге дейінгі тармақтарда көрсетілген интегралдық схемалардың бақылау мәртебесімен айқындалады.

Егер интегралдық схемалардың 3A001.а.3 тармағында көрсетілген " микроЭЕМ" кремнийлі микросхемасы немесе микробақылаушы микросхемасы болып табылса және сөздік операндасының ұзындығы 8 бит немесе одан аз болса , онда оның бақылау мәртебесі 3A001.а.3 тармаққа сәйкес айқындалуы тиіс.

3A001 Мыналар сияқты электрондық бұйымдар:

а. Жалпы мақсаттағы төменде тізбеленген интегралды микросхемалар:

1-ескертпе: Нақты функция жасалған, оларды дайындауға арналған пластиналардың (дайын немесе жартылай фабрикаттар) бақылау мәртебесі 3A001.а тармақта көрсетілген өлшемдер бойынша бағаланады;

2-ескертпе: "Интегралды схемалар" мынадай типтерді қамтиды:

"Монолитті интегралды схемалар";

"Гибридті интегралды схемалар";

"Көпкристалды интегралды схемалар";

"Сапфирдегі кремний" үлгісіндегі интегралды схемаларды қоса алғанда, " пленкалы интегралды схемалар;

"Оптикалық интегралды схемалар";

1. Радиациялық-төзімді ретінде жобаланған немесе айқындалған, мыналарға төзуге қабілетті интегралды схемалар:

а. Жалпы дозасы 5×10^3 рад (Si) (кремний) немесе жоғары, немесе;

б. Ақау беруіне дейінгі дозасы қуаты 5×10^6 рад (кремний); немесе жоғары

с. Нейтрондар ағынының кремнийге (1MeV-ке эквивалент) интегралдық тығыздығы 5×10^{13} н/см² немесе жоғарыны құрайды немесе оның басқа металдарға эквиваленті;

Ескертпе: 3A001.а.1.с. тармағымен металл-диэлектрик-жартылай өткізгіші (МДЖ-құрылым) бақыланбайды.

2. Төменде тізбеленген сипаттамалардың кез келгеніне ие болатын " микропроцессорлық микросхемалар", "микроЭЕМ микросхемалары", микробақылау микросхемалары, көпкомпонентті жартылай өткізгіштерден жасалған жады микросхемалары, аналогтік-цифрлық түрлендіргіштер, цифрлық-аналогтік түрлендіргіштер, "сигналдарды өңдеу" үшін әзірленген

электрооптикалық немесе "оптикалық интегралды микросхемалар", пайдаланушы бағдарламалайтын далалық транзисторлардағы логикалық кілттердің матрицалары, пайдаланушы бағдарламалайтын далалық транзисторлардың логикалық матрицалары, жеке тапсырыс бойынша дайындалған, функциясы белгісіз не өндірушіге аталған интегралдық схемалар пайдаланылатын аппаратураларға бақылау функциялары таралатыны белгісіз интегралдық схемалар, жедел Фурье түрлендіру процессорлары, электрлік бағдарламаланатын үнемі есте сақтау қондырғылары (ЭБҮЕК), ультракүлгін өшірумен бағдарламаланатын немесе өз бетімен талғай алынатын (ӨТСЕК) статикалық есте сақтау қондырғылары:

а. Қоршаған ортаның 398 К (+125 0 С)-дан жоғары температурасында жұмысқа қабілетті;

б. Қоршаған ортаның 218 К (-55 0 С)-дан жоғары температурада жұмысқа қабілетті;немесе

с. Қоршаған ортаның 218 К (-55 0 С)-дан 398 К (+225 0 С)-қа дейінгі температуралар диапазонынан тыс температураларда жұмысқа қабілетті;

Ескертпе: 3А001.а.2 тармақ азаматтық автомобильдер мен теміржол локомотивтеріне арналған интегралдық схемаларға қолданылмайды;

3. Төменде тізбеленген сипаттамалардың кез келгенін иеленетін " микропроцессорлық микросхемалар", "микрокомпьютерлік микросхемалар" және микробақылаушылардың микросхемалары:

Ескертпе: 3А001.а.3 тармақ цифрлық сигналдар процессорларын, цифрлық матрицалық процессорларды және цифрлық қосарлы процессорларды қамтиды.

а. Қолданылмайды.

б. Жартылай өткізгіш қосылыстарда дайындалған және 40 МГц-дан асатын тактілік жиілікте жұмыс істейді; немесе

с. Деректерінің немесе командалардың бір шинадан артық немесе 150 Мбайт/с-тан жоғары беру жылдамдығымен ИС микропроцессорға параллельді" сыртқы аралық қосуға арналған дәйекті байланыс порты;

4. Жартылай өткізгіш қосылыстарда әзірленген жады интегралды схемалары;

5. Ұқсас цифрлық және цифрлық-ұқсас түрлендіргіштерге арналған мыналар сияқты интегралды схемалар:

а. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие ұқсас-цифрлық түрлендіргіштер:

Арнайы ескертпе: сондай-ақ 3А101 қараңыз.

1. 10 бит немесе одан да артық шешу қабілеті, бірақ 12 бит-тен кем, шығыстағы жылдамдығы секундына 500 миллион сөзден артық;

2. 12 бит немесе одан да артық шешу қабілеті, бірақ 14 бит-тен кем, шығыстағы жылдамдығы секундына 200 млн. сөзден артық.

3. 14 бит немесе одан да артық шешу қабілеті, бірақ 16 бит-тен кем, шығысында жылдамдығы секундына 250 миллион сөзден астам;

4. 16 бит немесе одан да артық шешу қабілеті, шығыстағы жылдамдығы секундына 65 млн. сөзден артық.

b. Шешу қабілеті 12 бит және одан да жоғары және "орныққан режимге шығу уақыты" 10 нс-тен кем цифрлық-ұқсас түрлендіргіштер;

Техникалық ескертпелер:

1. Шешу қабілеті n бит 2 деңгейге дейінгі n кванттеуге сәйкес келеді;

2. "Түрленудің толық уақыты" сынама алудың жылдамдығына кері ретінде айқындалады.

6. Бір мезгілде барлық тізбеленген құрауыштарға ие, "сигналдарды өңдеуге" арналған "электрондық-оптикалық" және "оптикалық интегралды схемалар":

a. Бір ішкі "лазерлі" диод немесе одан астам;

b. Бір ішкі жарық сезгіш элемент немесе одан астам; және

c. Оптикалық толқын жүргізгіштер;

7. Мынадай сипаттамалардың кез келгенін иеленетін пайдаланушы бағдарламалайтын логикалық қондырғылар:

a. Шығындардың (винтельдердің) балама саны 30 000 астам (екі кіріске есептегенде);

b. Негізгі логикалық элементтің "типтік кідіру" уақыты 0,1 нс-тен аз; немесе

c. Қосу жиілігі 133 МГц-ден асады;

Ескертпе: 3А001.а.7-тармақ мыналарды қамтиды:

a. Қарапайым бағдарламалық логикалық қондырғылар

b. Күрделі бағдарламалық логикалық қондырғылар

c. Далалық транзисторлардағы логикалық кілттердің бағдарламаланатын матрицалары

d. Далалық транзисторлардағы бағдарламаланатын логикалық матрицалар

e. Бағдарламалық қосқыштар

Арнайы ескертпе: Далалық транзисторлардағы бағдарламаланатын логикалық қондырғылар, сондай-ақ далалық транзисторлардағы логикалық кілттердің бағдарламаланатын матрицалары немесе далалық транзисторлардағы бағдарламаланатын логикалық матрицалар ретінде белгілі

8. Қолданылмайды;

9. Нейронды желілерге арналған интегралды схемалар;

10. Мынадай сипаттамалардың кез келгенін иеленетін, жеке тапсырыс бойынша дайындалған, функциясы белгісіз не өндірушіге аталған интегралдық схемалар пайдаланылатын аппаратуралардың бақылау функциялары белгісіз интегралдық схемалар:

a. 1000 шығарғыштан жоғары;

в. Элементтің үлгілік "кідіру уақыты" 0,1 нс-тен аз; немесе

с. Жұмыс жиілігі 3 ГГц-ден асады;

11. 3A001.a.3-дан бастап 3A001.a.10 және 3A001.a.12-ге қоса алғандағы тармақтарда көрсетілгендерден айырмасы бар, қандай да бір жартылай өткізгіш қосылыстардың негізінде жасалған және мынадай сипаттамалардың кез келгенін иеленетін сандық интегралды схемалар:

а. Вентильдердің балама саны 3 000 астам (екі кіріске есептегенде); және

в. Қосу жиілігі 1,2 ГГц-ден асады;

12. Фурье жылдам түрлендіру процессорлары, N-нүктесінен жылдам Фурье түрленуін $N \log_2$ -ден кем емес $N / 20\ 480$ мс-тан төмен есептеу уақытына ие, мұндағы N - нүктелер саны;

Техникалық ескертпе:

N 1024 нүктеге тең болған жағдайда, 3A001.a.12 тармағында көрсетілген формула кешенді 1024 нүктелі 500 us Фурье тез түрлендіруі орындалуының есептік уақытын береді;

в. Микротолқын немесе миллиметр ауқымындағы өнімдер, мыналар сияқты:

1. Төменде тізбеленген электронды вакуумдық лампалар мен катодтар:

1-ескертпе: 3A001.b.1 тармақ мынадай сипаттамаларға ие, кез келген жиілікте жұмыс істеу үшін жасалған немесе жобаланған лампаларды бақыламайды:

а. 31,8 ГГц-ден аспайды; және

в. Халықаралық Телекоммуникация Одағы радиокommуникациялық қызмет саласы үшін таратады, бірақ радиолық табу үшін емес.

2-ескертпе: 3A001.b.1 тармақ мынадай сипаттамалардың бәріне ие, "ғарышта қолдануға арналмаған" лампаларды бақыламайды:

а. Орташа шығу қуаты 50 Вт-ға тең немесе одан аз; және

в. мынадай сипаттамалардың бәріне жауап беретін, кез келген жиілікте жұмыс істеу үшін жасалған немесе жобаланған:

1. 31,8 ГГц-ден жоғары, бірақ 43,5 ГГц-дан аспайды; және

2. Халықаралық Телекоммуникация Одағы радиокommуникациялық қызмет саласы үшін таратады, бірақ радиолық табу үшін емес.

а. Мыналар сияқты импульстің немесе үздіксіз әрекеттің жүгіретін толқындар лампасы:

1. 31 ГГц-ден асатын жиіліктерде жұмыс істейді;

2. Қосылғаннан бастап лампаның 3с-тен кем емес шекті радиожиілікті қуатына шыққанға дейінгі уақытты катодтың қыздыру элементі бар;

3. Резонаторлармен ұштастырылған лампалар немесе жиілігі "жиілік белдеуінің бір сәттік ені" жиілігі 7%-ынан жоғары немесе қуатының шыңы 2,5 кВт-ден асатын олардың модификациялары;

4. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие спиральды лампалар немесе олардың модификациялары:

а. "Жиілік белдеуінің сәттік ені" октавадан астам немесе одан кем және шығаратын орташа қуаты (кВт-де) жұмыс жиілігіне (ГГц-де) 0,5-тен астам; немесе

б. "Жиілік белдеуінің сәттік ені" бір октаваға тең немесе одан кем және шығаратын орташа қуаты (кВт-де) жұмыс жиілігіне (ГГц-де) 1-ден астам;

с. "Ғарышта қолдану үшін жарамды";

б. Күшейту коэффициенті 17 дБ-дан астам магнетрондық үлгідегі күшейткіш лампалар;

с. Үздіксіз эмиссия кезіндегі және жұмыс істеудің штаттық жағдайларында токтың 5 А/кв.см-ден асатын тығыздығын қамтамасыз ететін, электрондық лампалар үшін әзірленген, импренирленген катодтар.

2. Мынадай сипаттамалардың екеуіне де ие монолитті микротолқынды интегралды схемалар (ММИС):

а. 3,2 ГГц-ден жоғары 6 ГГц-ге дейінгі мен оны қоса алғандағы жиіліктерде жұмыс істеуге есептелген және "жиілік белдеуінің салыстырмалы ені" 15%-тен жоғары болғандағы орташа шығу қуаты 4 Вт (36 dBm)-нен жоғары;

б. 6 ГГц-ден жоғары 16 ГГц-ге дейінгі мен оны қоса алғандағы жиіліктерде жұмыс істеуге есептелген және "жиілік белдеуінің салыстырмалы ені" 10%-дан жоғары болғандағы орташа шығу қуаты 1 Вт (30 dBm)-нен жоғары;

с. 16 ГГц-ден жоғары 31,8 ГГц-ге дейінгі мен оны қоса алғандағы жиіліктерде жұмыс істеуге есептелген және "жиілік белдеуінің салыстырмалы ені" 10%-тен жоғары болғандағы орташа шығу қуаты 0,8 Вт (29 dBm)-нен жоғары;

д. 31,8 ГГц-ден жоғары 37,5 ГГц-ге дейінгі мен оны қоса алғандағы жиіліктерде жұмыс істеуге есептелген;

е. 37,5 ГГц-ден жоғары 43,5 ГГц-ге дейінгі мен оны қоса алғандағы жиіліктерде жұмыс істеуге есептелген және "жиілік белдеуінің салыстырмалы ені" 10%-тен жоғары болғандағы орташа шығу қуаты 0,25 Вт (24 dBm)-нен жоғары; немесе

ф. 43,5 ГГц-ден жоғары жиіліктерде жұмыс істеуге арналған;

1-ескертпе: 3A001. б.2 тармақ 40,5 ГГц-ден 42,5 ГГц-ге дейінгі жиілік диапазонындағы жұмыс үшін жасалған және есептелген хабар таратушы спутник жабдығын бақыламайды.

2-ескертпе: Микротолқынды интегралдық схемалар немесе модульдердің (МИСМ) бақыланатын жағдайы бақылау табалдырығымен - ең төменгі шығу қуатымен айқындалады. МИСМ-нің жұмыс жиілігі бір жиіліктен жоғары диапазонда ауытқып отырады.

3-ескертпе: 3-санатқа тақырыптағы 1 және 2 ескертпе 3A001. b.2 тармақ, егер МИСМ басқа қосымшалар үшін, мысалы, телекоммуникациялық жүйелер, радарлар және автомобильдер үшін арнайы жобаланған болса, оны бақыламайды.

3. Мынадай сипаттамаларға ие микротолқынды транзисторлар:

a. 3,2 ГГц-ден 6 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 60 Вт (47,8 dBm) асатын жиіліктерде жұмыс істейтін;

b. 6 ГГц-ден 31,8 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 20 Вт (43 dBm) асатын жиіліктерде жұмыс істейтін;

c. 31,8 ГГц-ден 37,5 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 0,5 Вт (27 dBm) асатын жиіліктерде жұмыс істейтін;

d. 37,5 ГГц-ден 43 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 1 Вт (30 dBm) асатын жиіліктерде жұмыс істейтін; немесе

e. 43,5 ГГц-ден жоғары жиіліктерде жұмыс істейтін.

4. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие, микротолқынды күшейткіштері бар микротолқынды қатты денелі күшейткіштер мен микротолқынды жиналымдар/модульдер:

a. 3,2 ГГц-ден жоғары және 6 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 60 Вт (42 dBm)-ден асатын жиіліктерде 15%-тен жоғары "жиілік белдеуінің салыстырмалы енінде" жұмыс істейтін;

b. 6 ГГц-ден 31,8 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 15 Вт (47,8 dBm)-ден асатын жиіліктерде 10%-тен жоғары "жиілік белдеуінің салыстырмалы енінде" жұмыс істейтін;

c. 31,8 ГГц-ден 37,5 ГГц-ге дейінгіден жоғары жиіліктерде жұмыс істейтін;

d. 37,5 ГГц-ден 43,5 ГГц-ге дейінгіден жоғары, орташа шығу қуаты 1 Вт (30 dBm) асатын жиіліктерде 10%-тен жоғары "жиілік белдеуінің салыстырмалы енінде" жұмыс істейтін;

e. 43,5 ГГц-ге дейінгіден жоғары жиіліктерде жұмыс істейтін; немесе

f. 3 ГГц-ден жоғары жиіліктерде жұмыс істейтін және мынадай сипаттарға ие:

1. P-дің орташа шығу қуаты (Вт-де) ең жоғары жұмыс жиілігіне (ГГц-де) бөлінген 150-ден жоғары $[P > 150 \text{ W} \times \text{GHz}^2 / f \text{ GHz}^2]$ квадратына шығарылған;

2. жиілік белдеуінің салыстырмалы ені 5% немесе одан жоғары; және

3. d ұзындығындағы (см-де) бір біріне қатысты қабырғалары қарама-қарсы перпендикулярлы орналасқан, 15-ке тең немесе кем, ең төменгі жұмыс жиілігіне $[d = 15 \text{ см} \times \text{GHz} / f \text{ GHz}]$ бөлінген;

Арнайы ескертпе: МИСМ-ға арналған қуат күшейткіштер 3A001. b.2. тармағында белгіленген өлшемдерге сәйкес бағаланады.

1-ескертпе: 3A001. b.4 тармақ 40,5-ден 42,5 ГГц-ге дейінгі жиілік диапазонындағы жұмыс үшін жасалған және есептелген хабар таратушы спутник жабдығын бақыламайды.

2-ескертпе: Жұмыс жиілігі бір жиіліктен жоғары диапазонда ауытқып отыратын аппаратураның бақыланатын жағдайы 3A001. b.4. тармағына сәйкес бақылау табалдырығымен - ең төменгі орташа шығу қуатында айқындалады.

5. 10 мкс-ден кем ең жоғары және ең төмен $1,5: 1(f_{\max}/f_{\min})$ жиіліктердің қатынасымен жиіліктердің белдеуінде дәлдеуді қамтамасыз ететін бестен астам дәлдеу резонаторлары бар, мынадай құрауыштардың кез келгеніне ие электронды немесе магнитті дәлдегішті сүзгілер:

a. Резонанстық жиіліктің 0,5%-тен астам жиіліктің өткізу белдеуіне ие белдеулік сүзгілер;

b. Резонанстық жиіліктің 0,5%-тен кем жиіліктің басып тастау белдеуіне ие кедергілік сүзгілер.

6. Қолданылмайды.

7. 3A002.c, 3A002.c. немесе 3A002.f. тармақтарда көрсетілген аппаратураның жиілік диапазонын осы тармақтарда көрсетілгендерден тысқары жерге кеңейту үшін әзірленген араластырғыштар мен түрлендіргіштер.

8. Мынадай сипаттамалардың бәріне ие және 3A001.b. тармақ бойынша бақыланатын лампалары бар СВЧ қуатындағы микротолқынды күшейткіштер:

a. Жұмыс жиілігі 3 ГГц-ден жоғары;

b. Шығу қуатының орташа тығыздығы 80 Вт/кг-ден асатын; және

c. Көлемі 400 текше. см-ден аз;

Ескертпе: 3A001.b. 8-тармақ радиобайланыс қызметтері үшін, бірақ радио сәйкестендіру үшін емес, "Халықаралық электробайланыс одағы (ХЭО)" берген кез келген жиілік ауқымында өндіруші дайындаған немесе белгілеген жабдық бақыланбайды.

c. Акустикалық толқындардағы аспаптар және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер, мыналар сияқты:

1. Мынадай сипаттамалардың кез-келгеніне ие жұқа субстрат (мысалы, материалдардағы серпінді толқындарды пайдалана отырып "сигналдарды өңдеу" аспаптары) беткі акустикалық толқындар мен акустикалық толқындарда аспаптар :

a. Жеткізу жиілігі 2,5 ГГц-ден астам;

b. Тасымалдаушы жиілігі 1 ГГц-ден астам, бірақ 2,5 ГГц-ден артық емес және мынадай сипаттамалардың кез-келгеніне қосымша ие:

1. Бағыттылық диаграммасының бүйір жапырақшаларын басып тастау жиілігі 55 дБ-ден астам;

2. 100-ден астам (МГц-ге) жиілік белдеуінің енінде кідіртудің (мкс-те) ең жоғары уақытын өндіру;

3. Жолақтың өткізу қабілеттілігі 250 МГц-ден астам; немесе

4. 10 мкс-тен жоғары кешігу; немесе

с. 1 ГГц немесе одан аз тасымалдаушы жиілігі және мынадай сипаттамалардың кез-келгеніне қосымша:

1. Масса жылдамдығына (МГц-ге) максималды кідірту уақытының (микросекундтарда) өнімі 100-ден астам;

2. 10 мкс-тен жоғары кешігу; немесе

3. 55 дБ-ден жоғары және 50 МГц-тен асатын радиациялық үлгідегі бүйір белдеулерін жиілікті тоқтату;

2. 1 ГГц-ден жоғары жиілікте сигналдарды тікелей өңдеуді қамтамасыз ететін көлемді акустикалық толқындардағы қондырғылар (яғни материалдағы серпінді толқындарды пайдаланатын "сигналдарды өңдеу" қондырғылары);

3. Акустикалық толқындар (көлемді немесе үстіңгі толқындар) мен жарық толқындарының өзара әрекеттесуін пайдаланатын сигналдарды немесе акустооптикалық "сигналдарды өңдеу" қондырғылары, спектралды талдауды, корреляцияны немесе конволюцияны қоса алғанда суреттерді тікелей өңдеуге мүмкіндік береді.

d. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие "аса өткізгіш" құрамдастардың кем дегенде бірінің "сыни температурасынан" төмен температурада пайдалану үшін арнайы әзірленген "өткізгіш материалдардан жасалған компоненттері бар электронды қондырғылар мен схемалар:

1. Вентильге (ватт) қуаттың диссипациясы үшін қақпақты кідірту уақытының (секундтар) өнімі 10-14 Дж-дан төмен болатын "өткізгіш" қақпалары арқылы цифрлы тізбектерге арналған ағымдағы ажыратқыштар: немесе;

2. 10 000-нан асатын резонанстық тізбектерді пайдаланатын барлық жиіліктегі жиілікті таңдау;

e. Мынадай энергия жинақтау қондырғылары:

1. Батареялар және фотоэлектрлік батареялар (элементтер), мыналар сияқты:

Ескертпе: 3A001-тармақ. 27 шаршы см немесе одан аз көлемдегі батареяларды бақылайды (мысалы, стандартты көміртегі ұяшықтары немесе R-14 батареялары);

a. Энергия тығыздығы 480 Вт / кг-нан жоғары және 243 К (-30 0 С) және 343 К (70 С) және одан жоғары температура диапазонында жұмыс істеуге жарамды бастапқы камералар және батареялар;

b. Қайта зарядталатын ұяшықтар мен батареяларды "қуаттың тығыздығы" 150 ц / кг-дан 75 зарядтау циклынан кейін С / 5 сағатқа (С - ампер сағаттарында номиналды сыйымдылыққа тең), 253 К (-20 0 С) және 333 К (60 0 С) және одан жоғары; 8506; 8507; 8541 40 900 0

Техникалық ескертпе:

"Энергия тығыздығы" орташа қуатты ватт (орта кернеудің орташа кернеу өнімі ампердегі орташа кернеудің өнімділігі) сағаттардағы разряд циклінің

ұзақтығымен көбейту арқылы анықталады, онда ашық терминалдардағы кернеу номиналдан 75% -ға дейін төмендейді және нәтижесінде алынған өнімді жалпы массаға бөлу элемент (немесе батарея) кг;

с. Батареялар 301 К (28 0 С) жұмыс температурасында 160 Вт / м²-ден астам нақты қуаты бар фотоэлектрлік элементтер радиацияға төзімді аккумуляторлар және "30 ° С" (28 ° С) 2 800 К (2 527 С) және 1 кВт / м² энергияны жарықтандыру

2. Жоғары қуатты сақтауға арналған конденсаторлар, мыналар сияқты:
Арнайы ескертпе: сондай-ақ 3A201A қараңыз.

а. Мынадай сипаттамалардың бәріне ие 10 Гц-ден кем (бір таңбалы конденсаторлар) қайталану жылдамдығы бар конденсаторлар: 5 кВ немесе одан жоғары номиналды кернеу:

1. Номиналды кернеуі 5 кВ немесе одан көп;
2. Энергия тығыздығы 250 Дж/кг немесе одан да көп; және
3. Жалпы энергия 25 кДж немесе одан астам;

б. Мынадай сипаттамалардың барлығына ие 10 Гц немесе одан көп (көп бит конденсаторлар) қайталану жиілігі бар конденсаторлар:

1. Номиналды кернеу 5 кВ;
2. Энергия тығыздығы 50 Дж/кг-ден кем емес,
3. Жалпы энергиясы 100 Дж-ден кем емес; және
4. Заряд-разряд циклдерінің саны 10 000 кем емес;

3. Төменде санамаланған сипаттамалардың барлығына ие, толық зарядтау немесе бір секундтан аз уақыт кетіру үшін арнайы жобаланған "аса өткізгіш" электр магниттері мен соленоидтері:

Арнайы ескертпе: сондай-ақ 3A201.b. қараңыз.

Ескертпе: 3A001.e. 3 тармағы медициналық жабдық – магнитрезонансты томография үшін арнайы жобаланған "аса өткізгіш" электр магниттері мен соленоидтерді бақыламайды.

а. Разряд кезінде босатылатын, алғашқы секундта 10 кДж-ден асатын энергия;
б. Ток өткізгіш орамдардың ішкі диаметрі 250 мм-ден көп;
с. Номиналды магниттік индукция 8 Т жоғары немесе орамасындағы "жалпы ток тығыздығы" 300 А / мм²-ден артық;

ф. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие кодтағы біліктің абсолюттік бұрыштық күйінің айналмалы түрлендіргіштері:

1. Шешімі толық диапазонынан (18 бит) 1/265 000 жақсырақ;
2. Дәлдігі +/- 2,5 бұрыштық секундтан жақсырақ.

г. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие қатты денелі импульстік күш беретін коммутациялық тиристорлық қондырғылар және электрмен, оптикалық

немесе электронды-эмиссиялық ауыстырылып басқарылатын, "тиристорлық модульдер":

1. Сүйемелдеуіш токтың ең жоғарғы өсу жылдамдығы (di/dt) 30 000 А/мкс астам және тұйық күйдегі кернеуі 1100 В астам.

2. Сүйемелдеуіш токтың ең жоғарғы өсу жылдамдығы (di/dt) 2000 А/мкс астам және төмендегі барлық сипаттамалар:

а. Тұйық күйдегі импульстік кернеуі 3000 В және одан көп; және

б. Импульстегі барынша үлкен ток (екпінді ток) 3000 А астам.

1-ескертпе: 3А001g тармағы мынаны қамтиды:

кремниймен басқарылатын тиристорлар (SCR)

электрмен басқарылатын тиристорлар (ЕТТ)

жарықпен басқарылатын тиристорлар (LTT)

ысырма бойынша коммутаторлық жабылатын тиристорлар (IGCT)

жабылатын тиристорлар (GTO)

ӨМО-пен басқарылатын тиристорлар (ӨМО – жартылай өткізгіш металл – оксид құрылымы) Solidtron маркалы жартылай өткізгіш коммутаторлар

2-ескертпе: 3А001g тармағы теміржол көлігінде немесе "азаматтық ұшу аппараттарында" қолдануға арналған, жабдыққа орнатылған тиристорлық қондырғыларға және "тиристорлық модульдерге" қолданылмайды.

Арнайы ескертпе:

3А001g тармағының түпмәтінінде "тиристорлық модуль" бір немесе бірнеше тиристорлық қондырғыларды қамтиды.

h. Төмендегі барлық сипаттамалары бар қатты денелі, жартылай өткізгіш күштік ауыстырып қосқыштар, диодтар немесе "модульдер":

1. 488 К (215оС) жоғары өтудің ең жоғарғы номиналды жұмыс температурасы.

2. Тұйық күйдегі 300 В астам кезеңдік импульстік кернеу (блоктауыш кернеу)

3. 1 А астам үздіксіз ток.

1-ескертпе: 3А001h тармағында тұйық күйдегі кезеңдік импульстік кернеу қуат көзінің кернеуін, коллектор-эмиттер кернеуін, кезеңдік импульстік кері кернеуді және тұйық күйдегі кезеңдік импульстік блоктаушы кернеуді қамтиды.

2-ескертпе: 3А001h тармағында мыналар қамтылған:

— р-п-қиылысы бар (JFET) арналы далалық транзисторлар

— тігінен р-п-қиылысы бар (VJFET) арналы далалық транзисторлар

— MOS құрылымындағы арналы далалық біртасымалды транзисторлар (металл-оксид-жартылай өткізгіш құрылымында) (MOSFET)

— арналы далалық қос диффузиялы металл-оксидті жартылай өткізгіш транзисторлар (DMOSFET)

- оқшауланған ысырмасы бар биполярлы транзисторлар (IGBT)
- электрондық қозғалғыштығы жоғары транзисторлар (HEMT)
- биполярлы жалпақ транзисторлар (BJT)
- тиристорлар және басқарылатын кремнийлі түзеткіштер (диодтар) (SCR)
- жоғары вольтты жартылай өткізгішті құлыптаушы тиристорлар (GTO)
- қосылу эмитенттері бар тиристорлар (ETO)
- реттелетін резистивті диодтар (ПИН-диодтар)
- Шоттки диодтары

3-ескертпе: 3A001h тармағы азаматтық автомобиль, теміржол көлігінде немесе "азаматтық ұшу аппараттарында" қолдануға арналған жабдыққа орналастырылған айырып-қосқыштарға, диодтарға немесе "модульдерге" қолданылмайды.

Арнайы ескертпе:

3A001h тармағына қатысты "модуль" бір немесе бірнеше қатты денелі жартылай өткізгішті күштік айырып-қосқыштардан немесе диодтардан тұрады.

3A001 a.1.	8542
3A001 a.2.	8542
3A001 a.3.	8542
	8542 60 000
3A001 a.4.	8542
3A001 a.5.	8542
3A001 a.6.	8542
3A001 a.7.	8542
3A001 a.8.	8542
3A001 a.9.	8542
3A001 a.10.	8542
3A001 a.11.	8542
3A001 a.12.	8542
	8540
3A001 b.1.	8540 99 000 0
	8540 71 000 0
	8540 79 000 9
	8540
3A001 b. 2	8542
	8540
3A001 b. 3.	8541
	8540
3A001 b. 4.	8543
	8540
3A001 b. 5.	8543
	8540
3A001 b. 6.	8540

3A001 b. 7.	8540 8543
3A001 b. 8.	8540 8543
3A001 c. 1.	8541 8541 60 000 0
3A001 c. 2.	8541 8541 60 000 0
3A001 c. 3.	8541 8541 60 000 0
3A001 d.	8542 8540 8541 8543 8506
3A001 e. 1.	8507 8541 40 900 0
3A001 e. 2.	8506 8507 8532
3A001 e. 3.	8505 19 900 0 8504 51 8505 90
3A001 f.	9031 80 9031 80 320 0 9031 80 340";

Ескерту. 3A001 бөлігі жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.05.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3A002 Төменде санамаланған, жалпы мақсаттағы электрондық аппаратура:

а. Мыналар сияқты, жазатын аппаратура және ол үшін арнайы әзірленген өлшейтін магнитті таспа, мыналар сияқты;

1. Цифрлық сигналдарды жазу мүмкіндігі бар аппаратураны қоса алғанда, ұқсас аппаратура үшін (мысалы, жоғары тығыздықты цифрлық жазу модулін пайдаланатын), мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие магнит таспасындағы жинақтаушылар:

а. Электронды арнаға немесе жолға жиілік белдеуі 4 МГц-ден асады;

б. Жолдар саны 42 астам болған жағдайда, электронды арнаға немесе жолға жиілік белдеуі 2 МГц-ден асады немесе;

с. Радиоөнеркәсібі жөніндегі ведомствоаралық кеңестің (1К.10) немесе Электрондық өнеркәсіп қауымдастығының (EIA) тиісті басшылыққа алынатын материалдарына сәйкес әдістемеліктер бойынша өлшенген уақытша шәкілдің қайта келісу (негізгі) қателігі +/- 0,1 мкс-ден аз

Ескертпе: Азаматтық қолдануға арнайы әзірленген аналогтік бейнемагнитофондар жазатын аппаратура ретінде қаралмайды.

2. Цифрлық интерфейстің 360 Мбит/с-тен астам ең жоғары өткізу қабілетіне ие цифрлық бейнемагнитофондар;

Ескертпе: 3А002.а. тармақ теледидарлық жазу үшін арнайы жобаланған, мүмкін, ықшам сигналды қоса алғанда сигналдың стандартты ауқымын пайдаланатын, Халықаралық Телекоммуникация Одағы, Халықаралық электротехникалық комиссия (МЭИС), АҚШ кино- және телеинженерлер қоғамы, Еуропа телехабарлар одағы, Еуропа электрбайланысты стандарттау институты немесе Электротехника мен радиоэлектроника жөніндегі инженерлер институты стандарттаған немесе ұсынған цифрлық бейнемагнитофондарды бақыламайды.

3. Спиральды көшіру қағидатын немесе белгіленген бастиектер қағидаттарын пайдаланатын және мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие цифрлық аппаратура үшін магнитті таспадағы жинақтаушылар:

а. Цифрлық интерфейстің ең жоғары өткізу қабілеті 175 М битт/с-тен астам; немесе

б. "Ғарышта қолдану үшін жарамды";

Ескертпе: 3А002.а. тармақ жоғары тығыздықты цифрлық жазбаға түрлендіру үшін электрондық блоктармен жарақталған және тек цифрлық деректерді жазуға арналған магниттік таспадағы аналогтік жинақтаушыларды бақыламайды.

4. Цифрлық бейнемагнитофондарды цифрлық аппаратураның деректерін жазу қондырғылары ретінде пайдалану үшін оларды қайта өңдеу мақсатында жобаланған цифрлық интерфейстің ең жоғары өткізу қабілеті 175 М битт/с-тен асатын аппаратура;

5. Мына жағдайлардың барлығын қанағаттандыратын сандық деректерді жазу қондырғылары:

а. Дискінің немесе қатты күйдегі жадтың тұрақты өткізу қабілеттілігі 6,4 Гбит / с-тан астам; және

б. Процессор радиожиілік сигналының параметрлерін талдауды бір уақытта жазуды жүзеге асырады;

Техникалық ескертпе:

1. Параллельді шина архитектурасы бар қондырғыларды жазу үшін "үзіліссіз өткізу қабілеті" сөзде биттің (биттердің) санымен ең жоғары жылдамдықпен жазу болып табылады.

2. Үздіксіз өткізу қабілеті - құрылғының дискіге немесе қатты күйдегі жадыға жазуға болатын ең жоғары жылдамдық

сандық деректерді енгізу жылдамдығын немесе аналогты-сандық қайта құрылуын енгізген кезде ақпараттың жоғалуы.

b. Бір берілген жиіліктен басқасына 1 мс-тен кем "жиілікті ауыстырып қосу уақытына" ие "жиілік сентизаторлары", "электрондық блоктар";

c. Радио жиіліктерді талдауға қабілетті, мыналар сияқты "сигналдар анализаторлары" мыналар сияқты:

1. 31,8 ГГц асатын, бірақ 37,5 ГГц-тен аз немесе 43,5 ГГц-тен жоғары радио жиіліктерді талдауға қабілетті "сигналдар анализаторлары";

2. 500 кГц асатын "нақты уақытта өткізу белдеуі" бар "сигналдардың серпінді анализаторлары".

Ескертпе: 3A002.C.2. тармақ тек белгіленген үлестерді өткізу белдеуі бар сүзгілерді ғана пайдаланатын "сигналдардың серпінді анализаторларын" бақыламайды (белгіленген үлестерді өткізу белдеуі бар сүзгілер, сондай-ақ октавалы немесе бөлшекті-октавалы сүзгілер ретінде де белгілі).

d. Ішкі эталондық жиіліктің негізінде немесе көмегімен қысқа уақыттық және ұзақ уақыттық тұрақтылық дәлдігінің өлшемдері бойынша басқарылатын шығу жиіліктерін қалыптастыратын, мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие синтезделген жиіліктер сигналдарының генераторлары:

1. 31,8 ГГц астам, бірақ 37,5 ГГц-тен аз немесе 43,5 ГГц-тен жоғары емес, ұзақтығы 100 нс-тен аз импульс құру үшін жобаланған ең жоғары синтезделетін жиілік;

2. 43,5 ГГц астам ең жоғары синтезделетін жиілік.

3. Бір берілген жиіліктен екіншісіне 1 мс-тен аз "ауыстырып қосу уақыты"; немесе

4. дБ x с/Гц бірліктерінде - $(126 + 20 \log 10 F - 20 \log 10 f)$ бір бүйірлік белдеудің фазалық шуылы жақсырақ, мұндағы f -Гц-дегі жұмыс жиілігінің жылжуы, ал F - МГц-дегі жұмыс жиілігі

Техникалық ескертпе:

3A002.d.1 тармағының мақсаты үшін "импульс ұзақтығы" 90% шыңына жететін импульстің алдыңғы шебі мен 10% шыңына жететін импульстің кейінгі шебі арасындағы интервал ретінде айқындалады.

Ескертпе: 3A002.d. тармақ шығу жиілігі екі немесе одан көп кварцті генераторлармен жиіліктерді қосу не есептеу арқылы не нәтижелейтін жиіліктерді кейін көбейте отырып қосу немесе есептеу жолымен құрылатын аппаратураны бақыламайды.

e. 43,5 ГГц асатын ең жоғары жұмыс жиілігімен желілік талдағыштар;

f. Мынадай барлық сипаттамаларға ие микротолқынды қабылдағыш-тестерлер:

1. 43,5 ГГц-тен асатын ең жоғары жұмыс жиілігі; және

2. Бір мезгілде амплитуданы және фазаны өлшеу қабілеті;

g. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие жиіліктердің атомдық эталондары:

1. Айына 1×10^{-11} /-тен кем (жақсы) ұзақ мерзімді тұрақтылық (көнеру);
2. "Ғарышта қолдануға жарамды".

Ескертпе: 3A002.g. тармақ "ғарышта қолдануға арналмаған" рубидийлі эталондарды бақыламайды.

h. Мыналардың барлығын орындауға арналған "Электронды жинақтар", модульдер немесе жабдықтар:

1. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие аналогты-цифрлық түрлендірулер:

a. Рұқсат етілген қабілеттігі 8 бит немесе одан көп, бірақ 10 биттен аз, дискретизациясының кіріс жылдамдығы секундына 1300 млн-нан астам сұрау;

b. Рұқсат етілген қабілеттігі 10 бит немесе одан көп, бірақ 12 биттен аз, дискретизациясының кіріс жылдамдығы секундына 1000 млн-нан астам сұрау;

c. Рұқсат етілген қабілеттігі 12 бит немесе одан көп, бірақ 14 биттен аз, дискретизациясының кіріс жылдамдығы секундына 1000 млн-нан астам сұрау;

d. Рұқсат етілген қабілеттігі 14 бит немесе одан көп, бірақ 16 биттен аз, дискретизациясының кіріс жылдамдығы секундына 400 млн-нан астам сұрау; немесе

e. Рұқсат етілген қабілеттігі 16 бит немесе одан көп, дискретизациясының кіріс жылдамдығы секундына 180 млн-нан астам сұрау;

2. Мынадай іс-қимылдардың кез келгені:

a. Цифрланған деректерді шығару;

b. Сандық деректерді сақтау;

c. Цифрланған деректерді өңдеу;

Сандық деректерді жазу құрылғысы, осциллографтар, "сигнал анализаторлары", сигнал генераторлары, желілік анализаторлар және микротолқынды қабылдағыш-тестерлер 3A002.a.6., 3A002.a.7., 3A002.c., 3A002.d., 3A002.a. және тиісінше 3A002.f. тармақшаларында айқындалған.

Техникалық ескертпе: көп арналы "электронды жинақтардың" немесе модульдердің бақылау мәртебесі арналардың бірі бойынша ең жоғары мәлімделген сипаттамалармен айқындалады.

Ескертпе: 3A002.h тармағында аналогтық-цифрлық түрлендіргіштер (АСТ) тақталары, аналогтық сигнал дискретизаторлары, деректерді жинау тақталары, сигналдарды өңдеу тақталары және өтпелі процестерді тіркеу құрылғылары бар.

3A002 a. 1.	8519 81
	8521 10
	8521
3A002 a. 2.	8521 10
	8521 90 000 9

3A002 a. 3.	8521 10 8471 70
3A002 a. 4.	8521 90 000 9 8543 8471 90 000 0 8486 10
3A002 a. 5.	8486 20 8486 30 8486 40 8523 59 8523 52
3A002 a. 6.	8471 50 8471 60 8471 70 8521 90 000 9 8522 90 8543 8486 10 8486 20 8486 30
3A002 b.	8486 40 8523 59 8523 52 8543 20 000 0 8543 8486 10 8486 20 8486 30 8486 40
3A002 c. 1.	8523 59 8523 52 9030 9030 84 9030 89 8543 8586 10 8486 20 8486 30
3A002 c. 2.	8486 40 8523 59 8523 52 9030
3A002 d.	8543 20 000 0 8543 8486 10 8486 20 8486 30
3A002 e.	8486 40 8523 59

	8523 52
	9030 40
3A002 f.	8527
	8527 99 000 0
3A002 g.	8543 20 000 0

Ескерту. 3A002 бөлігі жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 14.05.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3A003 Флюидті тасымалдау және герметикалық кеңістіктегі қасиетін қалпына келтіру үшін автоматты түрде реттелетін жабдықтың жабық циклі пайдаланылатын жылумен салқындатуды және бүркүді бақылау жүйелері. Мұнда диэлектриктік флюид электрондық компоненттерге арнайы әзірленген, электрондық компоненттерді жұмыс температурасы шегінде ұстап тұруы тиіс бүріккіштер көмегімен шашылады. Және арнайы жобаланған компоненттер.

3A003 8419 89 989 0

8424 89 950 9

8479 89 980 0

3A101 3A001 тармақта сипатталғандардан ерекшеленетін мыналар секілді электронды жабдық, құрылғылар мен компоненттер:

а. Жоғары қорғалымдағы жабдық үшін әскери ерекшеліктерге сәйкес әзірленген, "реактивті снарядтарда" пайдалану үшін жарамды үйлесімді-цифрлық түрлендіргіштер.

б. 2 МэВ немесе одан артық жеделдетілген электрондардың тежегіштік сәулеленуінің есебінен электр магнитті сәулелену жасайтын жеделдеткіштер және осындай құрылғылары бар жүйелер;

Ескерту: 3A101.б. тармақ бойынша егер ол медициналық мақсатқа арналған болса, жоғарыда сипатталған жабдық бақыланбайды.

3A101 а. 8471 30

8471 41

8471 49

8471 50

8542

3A101 б. 8543 10 000 0

8543 19 000 0

Ескерту. 3A101-бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3A102 "Реактивті снарядтар" үшін әзірленген немесе модификацияланған " жылу батареялары".

Техникалық ескертпелер.

1. 3A102-тармақта "жылу батареялары" құрамында электролит ретінде өткізбейтін қатты бейорганикалық тұз бар, бір реттік қолданылатын батареялар түрінде айқындалады. Бұл батареялар, жалындау барысында электролитті балқытатын және батареяны жандандыратын пиролитті материалдардан тұрады.

2. 3A102-тармақта "реактивті снаряд" ұзақтығы 300 км асатын зымыран жүйелерін және пилотсыз әуе ұшу аппараттарын білдіреді.

Ескерту. 3-санат 3A102-бөлікпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3A001 3A201 тармақта сипатталғандардан ерекшелігі бар, мыналар секілді электронды компоненттер:

a. Келесі сипаттамалар жиынтығының кез келгеніне ие конденсаторлар:

1. a. Кернеуі 1,4 кВ-ден астам,
- b. Энергияның запасы 10 Дж-ден астам,
- c. Сыйымдылығы 0,5 мкФ-ден астам, және
- d. Дәйекті индуктивтілігі 50 нГ-ден кем; немесе

2. a. Кернеуі 750 В-дан астам,
- b. Сыйымдылығы 0,25 мкф-тен астам,
- c. Дәйекті индуктивтілігі 10 нГ-тен кем;

b. Бір мезгілде барлық келесі сипаттамаларға ие аса өткізгіш соленотдальды электро-магниттер:

1. Магниттік өріс жасау қабілеті 2 Т-дан жоғары;
2. Ұзындығының ішкі диаметрге арақатынасы (L/D) 2-ден артық;
3. Ішкі диаметрі 300 мм-ден артық; және
4. Орталығы бойынша ішкі көлемнің 50%-і шегінде 1%-тен жақсы магниттік өрістің біртектілігі;

Ескерту: 3A201.b. тармақ бойынша бейнелеудің медициналық ядролық магниттік-резонанстық (ЯМР) жүйелер үшін арнайы әзірленген магниттер және олардың құрамдас бөліктері экспорттық бақылауға жатпайды. "Құрамдас бөлік" сөзі сол жабдықтың өзінің табиғи бөлігін білдіруі міндетті емес. Тиісті экспорттық құжаттарда құрамдас бөліктердің байланысы анық көрсетілген жағдайда түрлі көздерден жекелеген жөнелтулер жасауға жол береді.

c. Келесі сипаттамалар жиынтығының кез келгеніне ие, импульстік рентгендік генераторлар немесе импульстік электронды жеделдеткіштер:

1. a. Жеделдеткіш электрондарының ең жоғары энергиясы 500 кэВ немесе одан астам, бірақ 25 МэВ кем; және

b. Сапасы (K) 0,25 немесе одан астам, немесе

2. a. Электрондардың ең жоғары энергиясы 25 МэВ немесе одан астам, және

b. "Қуат шыңы" 50 МВт астам

Ескерту: 3А201.с. тармақ бойынша электр шоқтарын немесе рентген сәулелерін (мысалы, электрондық микроскопия) алудан гөрі өзге мақсаттарға арналған құрылғылардың және медициналық мақсатқа арналған құрылғылардың құрамдас бөліктері болып табылатын жеделдеткіштер бақыланбайды:

Техникалық ескерту:

1. К "коэффициент сапасы" мына формула бойынша айқындалады:

$$K=1,7 \times 10^{(3)} V^{(2,65)} Q$$

мұндағы V - электрондардың мегаэлектровольттардағы ең жоғары энергия.

Егер жеделдеткіш шоғы импульсінің ұзындығы 1 мкс-тен кем немесе оған тең болса, онда Q - кулондағы жиынтық жеделдетілген заряд. Егер жеделдеткіш шоғының ұзындығы 1 мкс болса, онда бұл - 1 мкс-тегі ең жоғары жеделдетілген заряд.

t интервалы бойынша Q i интервалына тең, i интервалы 1 мкс-тен немесе шоқ импульсінің ($Q = S \cdot i \cdot dt$) ұзақтығынан аз шаманы білдіреді, мұнда i - ампермен алғандағы шоқ тогі, i - секундпен алғандағы уақыт;

2. "Қуат шыңы" = (вольттағы ең жоғары әлеует) ампердегі шоқтың тогына көбейтілген х.

3. Микротолқынды жеделдеткіш белдеулерде орын тепкен құрылғылардағы шоқ импульсінің ұзақтығы - бұл екі шаманың неғұрлым азы: 1 мкс немесе микротолқынды модулятор импульсінің ұзақтығымен айқындалатын шоқ импульсі пакетінің топтанған ұзақтығы.

4. Микротолқынды жеделдеткіш белдеулерінде орын тепкен құрылғылардағы ең жоғары ток - бұл токтың шоқ импульстерінің топтастырылған пакеті ұзақтығының бойындағы орташа шама.

3А201 а. 8532 10 000 0

8532 29 000 0

8532 23 000 0

8532 24 000 0

8532 25 000 0

3А201 б. 8505 90 100 0

3А201 с. 8543

8486 10

8486 20

8486 30

8486 40

8523 59

8523 52

8543 19 000 0

9022 19 000 0

3A225 0B001.b.13 тармақтарда сипатталғандардан ерекшелігі бар, келесі барлық сипаттамаларға ие жиіліктердің түрлендіргіштері немесе генераторлар:

- a. Қуаты 40 Вт немесе одан астам көп фазалы шығу;
- b. 600-ден 2000 Гц-ге дейінгі жиіліктер интервалында жұмыс істейді;
- c. Жиынтық сызықтық емес бұрмалану 10% -тен жақсы (төмен); және
- d. Жиіліктерді 0,1% кем (жақсы) дәлдікпен реттеу.

Техникалық ескерту:

3A225 тармақтағы жиіліктердің түрлендіргіштері сондай-ақ инверторлар немесе конверторлар ретінде белгілі.

3A225 8502 39 800 0

8504 40 000 0

8502 39 990 0

8502 40 900 0

3A226 0B001.j.6. тармақтарда сипатталғандардан ерекшелігі бар, келесі сипаттамалардың екеуіне де ие тұрақты токтың қуатты көздері:

a. 100 В астам кернеу кезінде және 500 А немесе одан астам шығу тоғында 8 сағаттан астам үздіксіз жұмыс істеуге қабілетті;

b. Токтың немесе кернеудің тұрақтылығы 8 сағаттық уақыт кезеңінде 0,1%-тен жақсы.

3A226 8504 40 900 9

8504 40 940 9

8504 40 990 0

3A227 0B001.j.5. тармақта сипатталғандардан ерекшелігі бар, келесі сипаттамалардың екеуіне де ие тұрақты токтың жоғары вольтты көздері:

a. 8 сағат бойы 1 А немесе одан жоғары шығу тоғы кезінде 20 кВ немесе одан астам кернеу туғызуға қабілеті; және

e. Токтың немесе кернеудің тұрақтылығы 8 сағаттық уақыт кезеңінде 0,1%-тен жақсы.

3A227 8501 61

8501 62

8501 63 000 0

8501 64 000 0

8501 32 990 9

8501 33 900 9

8501 34 910 0

8501 34 990 0

8504 40 940 9

3A228 Мыналар секілді қосушы құрылғылар:

Ескерту. 3А228 бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 618 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

а. Газбен толтырылуы немесе толтырылмауына қарамастан, ұшқындық күшейткіш ретінде жұмыс істейтін және барлық мынадай сипаттамаларға ие, салқын катодты түтіктер:

1. Үш немесе одан көп электродтары бар;
2. Ең жоғары анодтық кернеуі 2,5 кВ немесе одан астам;
3. Ең жоғары анодтық ток 100 А немесе одан астам;
4. Анодтық кідірісі 10 мкс немесе одан кем;

Ескерту: 3А228 тармағы газ толтырылған криптонды лампаларды және вакуумды спрайтрондарды қамтиды.

б. Келесі сипаттамалардың екеуіне де ие басқарылатын ұшқынды разрядниктер:

1. Анодтың кідірісі 15 мкс-тен жоғары емес; және
2. 500 А немесе одан астам ең жоғары тоғқа есептелінген;

с. Барлық келесі сипаттамаларға ие тез қосуға арналған модульдер немесе жинамалар:

1. Ең жоғары анодтық кернеу 2 кВ немесе одан астам;
2. Ең жоғары анодтық ток 500 А немесе одан астам; және
3. Қосу уақыты 1 мкс немесе одан астам;

3А228 а. 8540 89 000 0

8535 90 000 0

3А228 б. 8536 90 850 0

8536 30 900 0

8535 90 000 0

8540 89 000 0

3А228 с. 8535

8535 90 000 0

3А229 Мыналар секілді іске қосу құрылғылары және ток күші жоғары барабар импульстік генераторлар:

Ерекше ескерту: сондай-ақ әскери тізімді қараңыз

а. 2А232 тармақта көрсетілген басқарылатын детонаторларды қатарлас іске қосу үшін әзірленген жару құрылғылары детонаторларының іске қосу құрылғылары;

б. Келесі барлық сипаттамаларға ие модульді-электрлі импульстік генераторлар:

1. Портативтік, ұтқыр немесе қатаңдатылған режимде пайдалануға арналған;
2. Шаң өтпейтін корпуста орындалған;

3. 15 мкс-тен кем уақыт барысында қосалқы энергия бөлуге қабілетті;
4. Шығуында 100 А жоғары ток беретін;
5. 40 Ом-нан кем жүктеме қарсылығы кезінде импульстің "өсу уақыты" 10 мкс-тен кем;
6. Мөлшерлердің бірде бірі 254 мм аспайды;
7. Салмағы 25 кг-нан аз; және
8. 223 К (-50 °С) бастап 373 К (100 °С)-ге дейінгі температура диапазонында пайдалануға бейімделген немесе ғарышта пайдалануға жарамды ретінде көрсетілген.

Ескерту: 3A229.b. ксенонды жарық шоғырлы драйверлерді қамтиды.

Техникалық ескерту:

3A229.b.5 тармақта "өсу уақыты" тиісті жүктеме арқылы өтетін токтың 10% және 90% ампуласының арасындағы уақытша интервал ретінде айқындалады

3A229 a. 8543 70 900 9

8486 10

8486 20

8486 30

8486 40

8523 52

8543 70

3603 00 900 0

8543 89 950 0

3A229 b. 8543 20 000 0

8543 89 950 0

8548 90 900 0

3A230 Мынадай сипаттамалардың екеуіне де ие аса жылдам импульстік генераторлар:

a. 55 Ом-нан кем резистивті жүктеме кезінде шығуында 6 В-дан астам кернеу, және

b. Импульстің өсу уақыты (шептің ұзақтығы) 500 пс-тен кем

Техникалық ескерту:

3A230 тармақта "өсу уақыты" кернеу амплитудасының 10% және 90% аралығында уақытша интервал ретінде айқындалады.

3A230 8543 20 000 0

3A231 Түтіктерді қамтитын, мынадай сипаттамалардың екеуіне де ие нейтронды генераторлар жүйелері:

a. Сыртқы вакуумдық жүйесіз жұмыс үшін құрастырылған; және

в. Тритийлі-дейтерилі ядролық реакцияны индицирлеу үшін электростатикалық жеделдетуді пайдаланушы

3A231 8543 10 000 0

8479 89 980 0

8543 19 000 0

9015 80 110 0

3A232 Мыналар секілді детонаторлар және көп нүктелі бастамашы жүйелер:

Ерекше ескерту: сондай-ақ әскери тізімді қараңыз

а. Мыналар секілді электродетонаторлар:

1. Жарылатын мойнапты;
2. Жарылатын мойнапты-сымды;
3. Соққылық әсерлі;
4. Жарылатын фольгалы инициаторлар;

в. Бір немесе бірнеше детонаторларды пайдаланатын, бірыңғай сигнал бойынша 5000 шаршы мм астам бетте жарылғыш заттардың бүкіл алаң бойынша 2,5 мкс-тен кем түрлі уақыттылықпен бір мезгілде іске қосуға арналған құрылғылар.

Ескерту: 3A232 тармақ бойынша қорғасынның азиді секілді тек бастапқы ВВ пайдаланатын детонаторлар экспорттық бақылауға жатпайды.

Техникалық ескерту:

3A232.а. тармақта көрсетілген барлық детонатор өзі арқылы қуатты электрлік импульс өткен кезде жарылыспен бірге буланып кететін кіші электр өткізгішін (көпір, жарылатын сым немесе фольга) пайдаланады. Соққысыз үлгідегі жарғыштардағы жарғыш сым өзімен байланысатын РЕТМ (пентаэритритолтетранитрат) секілді жарғыш затта (ЖЗ) химиялық детонация тудырады. Соққылық детонаторларда сымның жарылыстық булануы саңылаудағы соққылаушыны немесе пластинканы қозғалысқа келтіреді, ал пластинканың ЖЗ-ға әсер етуі химиялық детонацияға бастау береді. Кейбір конструкциядағы соққылаушы магниттік өріспен жеделдетіледі. Жарылатын фольгалы детонатор термині жарылатын сымы бар детонаторларға да, соққылы үлгідегі детонаторларға да қатысты. Бұдан басқа детонатор терминінің орнына инициатор термині қолданылады.

3A232 а. 3603 00 900 0

3A232 в. 8543 70 900 9

8486 10

8486 20

8486 30

8486 40

8523 52

8543 70

8543 89 950 0

3A233 0B002.g. тармақта сипатталғандардан ерекшеленетін 230 және одан астам атомның массалық сандарының мәнін өлшеуді қамтамасыз ететін, 2 бөлікті 230-ден жақсы шешім қабілеті немесе олар үшін ионның көздері, оның ішінде мыналар бар масс-спектрометрлер:

a. Индуктивті байланысқан плазмалы (ПМС/ИС) масс-спектрометрлер;

b. Тұнбалы разрядты масс-спектрометрлер (ТРМС);

c. Термоионизациялы масс-спектрометрлер (ТИМС);

d. Уран гексафторидіне төзімді материалдардан құрастырылған немесе сондай материалдармен қорғалған ионизацияланған камералары бар электронды соққылы масс-спектрометрлер;

e. Молекулярлық шоғыры бар, мыналар секілді масс-спектрометрлер:

1. Тоттанбайтын болаттан немесе молибденнен құрастырылған немесе олармен қорғалған ионизациялық камерасы және 193 К (-80 ° С) немесе одан төмен салқындатуды қамтамасыз ететін салқындату камерасы бар; немесе

2. Уран гексафторидіне қатысты төзімді материалдардан құрастырылған немесе сондай материалдармен қорғалынған ионизациялық камерасы бар;

f. Микрофтористік ион көзімен жабдықталған, актиниттермен немесе актиниттердің фторидтермен пайдалану үшін әзірленген масс-спектрометрлер;

3A233 a. 9027 80 970 0

3A233 b. 9027 80 970 0

3A233 c. 9027 80 970 0

3A233 d. 9027 80 970 0

3A233 e. 9027 80 970 0

3A233 f. 9027 80 970 0

3A234 Мынадай сипаттамалары бар детонатормен шағын индуктивті жалғамды қамтамасыз етуге арналған сызықтық желілер:

a) номиналды кернеуі 2 кВ артық және;

b) индуктивтілігі 20 нГ кем

Ескерту. 3A234 бөлікпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 14.05.2018 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3B Сынау, бақылау және өндірістік жабдықтар

3B001 Жартылай өткізгіш аспаптар немесе материалдар өндіруге арналған төменде санамаланған жабдық және олар үшін арнайы әзірленген компоненттер мен керек-жарақтар:

a. Эпитаксиальдық өсіруге арналған, мыналар сияқты қондырғылар:

1. Мыналарды шығаруға қабілетті жабдық:

a. 200 мм немесе одан астам уақыт бойында +/- 2,5%-тен кем біркелкі қалыңдықты кремний қабаты; немесе

b. 75 мм немесе одан астам уақыт бойында +/- 2,5% -тен кем біркелкі қалыңдықты кремнийден басқа кез келген материалдан алынатын қабат;

2. 3C003 немесе 3C004 тармақ бойынша бақыланатын материалдардың арасындағы химиялық реакциялардың көмегімен күрделі жартылай өткізгіштердің кристалдарын алу үшін арнайы әзірленген металлорганикалық қосылыстардың буын химиялық шөктіру қондырғылары;

3. Газ көздерін пайдаланатын эпитаксиалды өсірудің молекулярлық-сәулелік қондырғылары;

b. Мынадай сипаттамалардың кез келгеніне ие, иондық имплантация үшін әзірленген қондырғылар:

1. 1 МэВ-дан жоғары шоғыр энергетикасы (жеделдететін кернеу);

2. 2 кэВ-ден төмен шоғыр энергетикасымен (жеделдететін кернеумен) жұмыс үшін арнайы жобаланған және оңтайландырылған;

3. Тікелей жазу қабілеті бар; немесе

4. Жартылай өткізгіш материалдардың қыздырылған "табанына" оттегіні жоғары энергетикалық имплантациялауға жарамды 65 кэВ немесе одан жоғары шоғыр энергетикасы және 45 миллиампер немесе одан жоғары шоғыр тоғы;

d. Мыналар сияқты химиялық бу-газды шөктіру және плазмалық ынталандыру қондырғылары:

1. Өндірушінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес жобаланған немесе шекті шамасы 180 нм немесе одан аз жартылай өткізгішті құрылғылар өндірісінде пайдалану үшін оңтайландырылған пластиндерді кассеталап өңдеу және тиеу шлюздері арқылы жүктеме;

2. Өндірушінің техникалық ерекшеліктеріне сәйкес 3E001.e. тармағы бойынша бақыланатын жабдық үшін арнайы жобаланған немесе шекті шамасы 180 нм немесе одан аз жартылай өткізгішті құрылғылар өндірісінде пайдалану үшін оңтайландырылған;

e. Мынадай барлық құраушыларға ие, қондырылған бағдарламалармен басқарылатын, пластиндерді орталық толтыруы бар автоматты түрде жүктемеленетін көп камералы жүйелер:

1. 3B001.a.1., 3B001.a.2., 3B001.a.3 немесе 3B001.b. тармақтарда айқындалған, жартылай өткізгішті өңдеу құралдарының функционалдық мүмкіндіктері бойынша айырмашылығы бар екеуден көп қосылу мүмкіндігімен әзірленген, пластиналарды (субстраттарды) жүктеу және шығаруға арналған кернеу құралдары; және

2. Вакуумдық ортада пластиналарды жүйелі көп позициялы өңдеудің интеграциялы жүйесін құруға арналған;

Ескертпе: 3В001.е. тармақ вакуумда жұмыс істеуге арналмаған пластиналарды жүктеудің автоматты роботты техникалық жүйелерін бақыламайды;

Ескертпе: 3В001.е.2 тармағы, жартылай өткізгішті өңдеуге арналған құралдартұндыру, ионды имплантациялау немесе термиялық өңдеу сияқты жартылай өткізгішті өндірудің физикалық процестерін қамтамасыз ететін модульді құрылыс құралдарына жатады.

f. Мыналар сияқты литография қондырғылары:

1. Мынадай құраушылардың кез келгеніне ие, пластиналарды фотооптикалық немесе рентгендік литография әдісімен өңдеуге арналған көп мәрте жалғау (пластинге тікелей қадам) және экспонирлеу немесе қадамдық экспонирлеу және сканерлеу (сканер) қондырғылары:

a. 350 мм-нен қысқа толқын ұзындығы бар жарық көзі; немесе

b. Суретті 0,35 мкм-нан бастап және одан кем "ең төмен мөлшерлі шешіммен беру" қабілеті;

Техникалық ескертпе: Шешімнің ең төменгі мөлшері (ШТМ) мына формула бойынша есептеледі:

(жарықтың сәулелену толқынының мкм-дағы ұзындығы) x (к фактор)

ШТМ = цифрлық апертура

мұндағы К фактор = 0,7;

ШТМ - шешімнің ең төмен мөлшері.

Ескерту: 9D004-тармағы бойынша бақыланбайтын немесе клиренстің белсенді компенсациясымен басқарылатын жүйелерді калибрлеу, жөндеу немесе жаңартуға байланысты техникалық қызмет көрсету үшін талап етілетін жабдықтардың құрамына кіретін "бағдарламалық қамтамасыз ету" бақыланбайды.

9D004

Ескерту. 9D004-бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9D101 9B105, 9B106, 9B116 немесе 9B117-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Ескерту. 9D101-бөлік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9D103 9A004 тармағы бойынша бақыланатын ғарыштық аппараттарды немесе 9A104 тармағы бойынша бақыланатын ракета-зондтарды немесе 9A005, 9A007, 9A105.a., 9A106, 9A108, 9A116 немесе 9A119 тармақтары бойынша бақыланатын кіші жүйелерді үлгілеу, жобалау немесе интеграциялау үшін арнайы әзірленген "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Ескерту: 9D103 тармағында сипатталған "бағдарламалық қамтамасыз ету" олар 4A102 тармағында сипатталған арнайы әзірленген аппараттық құралдармен біріккен жағдайда да бақыланатын болып қала береді.

9D103

9D104 9A001, 9A005, 9A006.d., 9A006.g., 9A007.a, 9A008.d., 9A009.a, 9A010.d., 9A011, 9A101, 9A102, 9A105, 9A106.c., 9A106.d., 9A107, 9A108.C., 9A109, 9A111, 9A115.a, 9A116.d., 9A117 немесе 9A118-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "қолдану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

Ескерту. 9D104-бөлік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9D105 9A004-тармақ бойынша бақыланатын ғарыш аппараттарында немесе 9A104-тармақ бойынша бақыланатын зымыран-зондтарда "пайдалану" үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған бір кіші жүйеден астам функцияларды үйлестіруге арналған "бағдарламалық қамтамасыз ету".

9D 8523

Ескерту. 9D105-бөлік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9E Технология

Ескерту: 9E001-ден 9E003-ке дейінгі тармақтарда көрсетілген газ турбиналық қозғағыштарға арналған "технология", "әзірлемелер" немесе "өндірістер", егер олар жөндеуге, қалпына келтіруге немесе күрделі жөндеуге "қолданылатын" "технология" ретінде пайдаланылса, бақыланатын болып қала береді. Қозғағыштарды тұтастай немесе олардың модулдерін ауыстыруды қоса алғанда, ақаулы немесе зақымданған блоктарды калибрлеумен, ақауын табумен немесе

ауыстырумен тікелей байланысты іске қосу қызметіне арналған техникалық деректер, чертеждар немесе құжаттамалар бақыланбайды.

9E001 9A001.c, 9A004-тен 9A011-ге дейінгі, 9B немесе 9D тармақтары бойынша бақыланатын жабдықтарды немесе "бағдарламалық қамтамасыз етуді" "әзірлеуге" арналған жалпы технологиялық ескертулерге сәйкес "технологиялар".

9E001

9E002 9A001.c, 9A004-тен 9A011-ге дейінгі, немесе 9B тармақтары бойынша бақыланатын жабдықтарды "өндіруге" арналған жалпы технологиялық ескертулерге сәйкес "технологиялар".

Ерекше ескерту: Бақыланатын құрылымдарды, ламинаттарды немесе материалдарды жөндеуге арналған "технологияларды" 1E002.f. тармақтан қараңыз.

9E002

9E003 Басқа "технологиялар", мыналар секілді:

а. Төменде аталған газ турбиналық қозғағыштар құрамдас бөліктерінің немесе жүйелерінің кез келгенін "әзірлеуге" немесе "өндіруге" "қажет болатын" "технологиялар":

1. 1273 К (1000 °С) температура және 200 МПа қысымда 400 б. астам сынуға қарсы тұратын уақыты бар, материалдар қасиеттерінің орташа көрсеткіштерін негізге ала отырып, кристалдандырылған немесе монокристалды құймалардан алынған газ турбинасының күректері, қалақтар немесе жылу сақтайтын қаптамалар;

2. Камерадан шығуында 1813 К (1540 °С)-тан астам орташа температурада жұмыс жасайтын көп куполды жану камералары немесе құрамында термикалық бөлінген жылу сақтайтын элементтер, металл емес жылу сақтайтын элементтер немесе металл емес корпус бар жану камералары;

3. Келесі материалдардың кез келгенінен жасалатын компоненттер:

а. 588 К (315 °С)-тан жоғары температура кезінде қолдануға арналған органикалық "композициялық" материалдар;

б. 1C007 тармағы бойынша бақыланатын металдан жасалған "матрициялық", "композициялық", қыштан жасалған "матрициялық", интерметалдық немесе армиленген интерметалдық материалдар; немесе

с. 1C008 тармақта сипатталған шайырларды пайдаланып жасалған 1C010 тармақта сипатталған "композициялық" материалдар;

4. 1323 К (1050 °С) және одан көп температурадағы газ ағынында жұмыс істеу үшін жобаланған суытылмаған турбина күректері, қалақтар, жылу сақтайтын қаптамалар немесе басқа да компоненттер;

5. 1643 К (1370 °С) және одан көп температура кезіндегі газ ағынында жұмыс істейтін, 9E003.a.1 тармағында көрсетілгендерден басқа, суытылған турбина күректері, қалақтар, жылу сақтайтын қаптамалар;

6. Қатты қосылысты пайдаланылатын қанат пішінді қалақ - турбина дискі комбинациялары;

7. 2E003.b. тармағы бойынша бақыланатын, "диффузиялық дәнекер" "технологиясын" пайдаланатын газ турбиналық қозғағыштар компоненттері;

8. 1C002.b. тармағы бойынша бақыланатын ұнтақ металлургия әдісімен жасалған материалдарды пайдаланылатын газ турбиналық қозғағыштардың жоғары ресурсты айналмалы компоненттері;

9. Газ турбиналық қозғағыштар мен аралас циклдармен жұмыс істейтін қозғағыштарға және оларға қатысты диагностикаларға, беру құралдары мен арнайы жобаланған компоненттерге арналған "ФАДЕК";

10. Газ тасқынының геометриясын реттеу жүйелері және тиісті бақылау жүйелері:

a. Газ генераторлы турбиналар;

b. Желдеткішті немесе күш беретін турбиналар;

c Жылжымалы шүмектер;

1-ескерту: 9E003.a. тармағындағы газ тасқынының геометриясын реттеу жүйелері және тиісті бақылау жүйелері кіретін бағыттаушы қалақтарды, айналу мөлшері өзгермелі желдеткіштерді, бұрылмалы статорларды немесе компрессорларға арналған дренажды қақпақтарды қамтымайды.

2-ескерту: 9E003.a.10 тармағы бойынша тарту күшінің реверсіне арналған газ ағынының геометриясын басқару жүйелерінің "технологиялары" "әзірлемелері" немесе "өндірістері" бақылауға жатпайды.

11. Өткінаралық бекітусіз кең хордалы қуыс күректер;

b. Мынадай жабдықтардың кез келгенін "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін "талап етілетін" "технологиялар":

1. Контактсіз беру құралымен жабдықталған, деректерді ағашты сенсордан бастап ақпарат жинау жүйесіне беруге қабілетті аэродинамикалық құбырда сынақ өткізуге арналған аэродинамикалық моделдер; немесе

2. "Композициялық" материалдардан жасалған күректер немесе олардың 0,55 М-нан жоғары ұшу жылдамдығы кезінде 2000-ден астам кВт-ке төзуге қабілетті бекітпелері;

c. "Лазерді", су ағындыларын, электрохимиялық өңдеудің (ЭХӨ) немесе саңлаулар жасауға арналған электрұшқынды өңдеу станоктарын (ЭҰС)

пайдаланатын газ турбиналық қозғағыштардың құрамдас бөліктерін "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін "талап етілетін" "технологиялар", олар келесі сипаттамалар жиынтығының кез келгенін ие:

1. Төменде көрсетілген барлық өлшемдер:

- a. Тереңдігі олардың диаметрінен 4 еседен астам көп;
- b. Диаметрі 0,76 мм-ден кем; және
- c. Көлбеу бұрыштары 25 град.-қа тең немесе кем; немесе

2. Төменде көрсетілген барлық өлшемдер:

- a. Тереңдігі олардың диаметрінен 5 еседен астам көп;
- b. Диаметрі 0,4 мм-ден кем; және
- c. Көлбеу бұрыштары 25 град.-тан асады.

Техникалық ескерту:

9E003.с. тармағына қатысты көлбеу бұрышы аэродинамикалық үстіңгі қабатқа қатысты нүктеде өлшенеді, саңылаудың осі осы үстіңгі қабатты қиып өтеді.

d. Мыналар үшін "талап етілетін" "технология":

қуат беретін тікұшақ жүйелерін немесе тікұшақ қалақтарының конус завалының немесе "ұшу аппараты" қанаты завалының қуат беру жүйелерін "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін "талап етілетін" "технологиялар";

e. Жердегі объектілердің қозғағыш қондырғыларының поршеньді дизельді қозғағыштарын "әзірлеуге" немесе "өндіруге" арналған "технологиялар", олар төменде аталған сипаттамалардың барлығына ие:

1. "Бокстің көлемі" 1,2 куб.м немесе одан кем;

2. Толық шығу қуаты 80/1269/ЕЕС, ISO 2534 стандарттарының немесе олардың ұлттық эквиваленттерінің негізінде 750 кВт-тан астам; және

3. Қуатының тығыздығы бокс көлемінің 700 кВт-дан астам;

Техникалық ескерту:

9E003.е тармағы бойынша "бокстің көлемі" - үш тік өлшемнің қосындысы, олар былайша өлшенеді:

Ұзындығы: иінді біліктің ұзындығы алдыңғы фланцтан маховиктің беткі жазықтығына дейін;

Ені: мынадай өлшемдердің ең жоғары мәні:

- a. Клапанның бір соңғы қақпағынан екіншісіне дейінгі сыртқы арақашықтық;
- b. Цилиндрлер бастары шеттерінің арасындағы арақашықтық;
- c. Маховик қапшығының диаметрі;

Биіктігі: мынадай өлшемдердің барынша үлкені:

a. иінді біліктің осінен клапан қақпағының (немесе цилиндрдің бастиектері) жоғарғы жазықтығына дейінгі арақашықтық қосу поршень жүрісінің екі еселенген ұзындығы; немесе

b. маховик қапшығының диаметрі.

f. Шығу қуаты жоғары дизельдік қозғағыштар үшін арнайы жобаланған компоненттерді "өндіру" үшін "талап етілетін" мыналар секілді "технологиялар":

1. 1С007 тармағы бойынша бақыланатын, қыш материалдарды пайдаланушы, төменде аталған құрамдас бөліктердің барлығы бар қозғағыш жүйелерін "өндіру" үшін "талап етілетін" "технология":

a. Цилиндрлер гильзалары;

b. Поршеньдар;

c. Цилиндрлердің бастары; және

d. Басқа компоненттердің біреуі немесе одан көп (түтін шығаратын тесік, турбоурлегіштің элементтері, бағыттаушы клапандар, клапанды жинауды немесе оқшауланған отын инжекторларын қоса алғанда);

2. Бір баспалдақты компрессорлармен жұмыс жасайтын турбоурлегіш жүйелерін "өндіру" үшін "талап етілетін" "технологиялар", келесі сипаттамалардың барлығына ие:

a. 4:1 немесе одан жоғары қысымдардың арақатынасында жұмыс жасайды;

b. 30-дан 130 кг/мин-ға дейінгі диапазондағы шығын; және

c. Ішкі компрессордың немесе турбиналар секцияларының ішіндегі ағын қиылысын өзгертуге қабілетті;

3. Дизель отынынан (310,8 К (37,8 ° С кезінде 2,5 сантистокс) бензинге дейінгі (310,8 К (37,8 ° С кезінде 0,5 сантистокс) диапазонда отынның тұтқырлығын өзгертуге қабілетті арнайы жобаланған көп отынды (мысалы, дизельді немесе қарапайым отын) отын инжекциясының жүйелерін "өндіру" үшін "талап етілетін", төменде аталатын екі сипаттамаға да ие "технологиялар":

a. Бір цилиндрге бір мәрте бүркуге арналған 230 куб.мм-ден астам инжектирленген сан; және

b. Тиісті беру құралын пайдалана отырып, айналу сәтінің белгілі бір мәнін қамтамасыз ету үшін отын сипаттамасын ауыстыру және автоматты түрде өлшеу реттегіші үшін арнайы жобаланған электрондық басқару бөлшектері;

g. 723 К (450 ° С)-тан асатын температураға шыдауға мүмкіндік беретін, поршень сақинасына тиетін жоғарғы шекті нүктеде цилиндрдің қабырғасында өлшенетін қатты, газ түріндегі немесе сұйық үлдірлі (немесе олардың комбинацияларымен) жанармаймен жұмыс жасайтын цилиндрлер қабырғаларының жоғары қуатпен шығатын дизельдік қозғағыштарды "әзірлеу" немесе "өндіру" үшін "талап етілетін" "технологиялар".

h. Газтурбиналық қозғалтқыштардың "FADEC жүйелеріне" арналған "технология", атап айтқанда:

1. Қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін "FADEC жүйелері" үшін қажетті құрамдауыштарға функционалдық талаптарды белгілеу үшін "әзірлеу" "технологиясы" (мысалы, уақытша константалар және кері байланысы бар бергіштің дәлдігі, отын арнасының қалпын түзету жылдамдығы);

2. "FADEC жүйелерінде" ғана қолданылатын және қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін пайдаланылатын бақылау және диагностикалау құрамдауыштарын "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологиялары";

3. "FADEC жүйелерінде" ғана қолданылатын және қозғалтқыштың тартысын немесе біліктегі қуатты реттеу үшін пайдаланылатын "бастапқы кодты" қоса алғанда, басқару алгоритмдерін "әзірлеу" "технологиялары";

Ескертпе: 9E003.h тармағы авиажелілерді көпшілік пайдалану үшін жариялануы тиіс азаматтық авиация саласындағы сертификаттау органдарының талаптарына сәйкес ұшаққа қозғалтқышты орнатуға жататын техникалық мәліметтерге (мысалы, орнату жөніндегі нұсқаулық, пайдалану жөніндегі нұсқаулық, ұшу жарамдылығын қолдау жөніндегі нұсқаулық) немесе интерфейс функцияларына (мысалы, кіріс/шығыс деректерді өңдеу, қорапқа немесе білік қуатына түсетін осьтік жүктемеге қойылатын талаптар, планердің тартуының немесе біліктегі қуаттың тапсырмасы) қолданылмайды.

i. Газ генераторлық турбиналардың, желдеткіштер турбиналарының, тарту турбиналарының немесе реактивтік шүмектердің қозғалтқыштарының жұмысының тұрақтылығын қолдау үшін арналған ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерге арналған "технологиялар", атап айтқанда:

1. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты құрамдауыштарға функционалдық талаптар қоюды "әзірлеу" "технологиялары";

2. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты және ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерде ғана пайдаланылатын қозғалтқыштарды "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологиялары";

3. Қозғалтқыштың тұрақты жұмыс істеуіне жауапты және ағындардың реттелетін бағыттары бар жүйелерде ғана пайдаланылатын "бастапқы кодты" қоса алғанда, басқару алгоритмдерін "әзірлеу" "технологиялары".

Ескертпе: 9E003i-тармағы мына атаулардың кез келгенін:

a. Кіріс бағыттауыш аппараттың қалақтарын;

b. Өзгермелі адымы бар желдеткіштерді немесе бұрама желдеткіштерді;

c. Компрессордың реттелетін кіріс бағыттауыш аппаратының қалақтарын;

d. Компрессордың қайта қосу клапандарын; немесе

e. Кері тарту үшін ағынның реттелетін бағыты бар арналар геометриясын "әзірлеу" немесе "өндіру" "технологияларына" қолданылмайды

Техникалық ескерту:

Шығу қуаты жоғары дизельдік қозғағыштар - бұл 1,8 МПа-дағы тежеудің тиімді қысымының нақтылы мәні бар немесе 2300 айналу/мин барынша айналу жылдамдығы кезінде, 2300 айналу/мин немесе одан көп айналу жылдамдығын қамтамасыз ететін қозғағыш.

9E003

Ескерту. 9E003-бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9E101

а. 9A101, 9A104 – тен 9A111-ге дейінгі немесе 9A115 – тен 9A119 – ға дейінгі тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды "әзірлеуге" немесе "өндіруге" арналған жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

б. 9A012-тармақ бойынша бақыланатын "ПҰА" немесе 9A101, 9A102, 9A104 – 9A111 немесе 9A115 – 9A119-тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды " өндіру" үшін қажетті жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

Техникалық ескертпе:

9E101.б тармағында "ПҰА" – қашықтығы 300 км астам пилотсыз ұшу аппараттары.

Ескерту. 9E101-бөлік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9E102 9A004-тармағы бойынша бақыланатын ғарыш аппараттарын немесе 9A005 – 9A011-тармақтар бойынша бақыланатын тауарларды, 9A012-тармағы бойынша бақыланатын "ПҰА" немесе 9A101, 9A102, 9A104 – 9A111, 9A115 – 9A119, 9B105, 9B106, 9B115, 9B116, 9B117, 9D101 немесе 9D103-тармақтары бойынша бақыланатын тауарларды "қолдану" үшін қажетті жалпы технологиялық ескертуге сәйкес "технологиялар".

Техникалық ескертпе.

9E102-тармақта "ПҰА" – қашықтығы 300 км астам пилотсыз ұшу аппараттары.

Ескерту. 9E102-бөлік жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1372 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар (бұдан әрі - Әскери тізім)

Технология бойынша ескерту

Әскери тізіммен бақыланатын бұйымдарды "жасау", "өндіру" немесе " қолдану" үшін "қажет" "технологиялар" экспорты Әскери Тізімнің қосымшасына

сәйкес бақыланады. Бұл "технология" тіптен бақыланбайтын бұйымдарға қолдану кезінде бақылауда қалады.

Бақылау инсталляция, жұмыс, бақыланбайтын және экспорты рұқсат етілген бұйымдарға қызмет көрсету (тексеру) және оларды жөндеу үшін қажет ең аз болып табылатын "технологияларға" қатысты болмайды.

Бақылау "қоғамдық салада", "іргелі ғылыми зерттеулерге" немесе патентке арналған өтінімдерді ресімдеуге қажет ең аз ақпаратқа қолданылатын "технологияға" қатысты болмайды.

Жалпы химиялық ескерту

Ескерту. Кіші бөлікке өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 618 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.12.2013 № 1372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2014.12.09 № 1283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Химиялық заттар Химия бойынша реферативтік қызметтің (CAS) атауы және сілтеме нөмірі бойынша көрсетілген. Құрылымдық формуласы бірдей химиялық заттар (гидранттарды қоса алғанда) сілтеме нөмір мен (CAS нөмірі) атауына қарай бақыланады. Сілтеме нөмірлер берілген номенклатураға қарай заттардың бақыланатын санын айқындауға көмек үшін ұсынылады, яғни бір химиялық зат немесе тұтастай қоспа бақыланады. Сілтеме нөмірлер бірегей сәйкестендіруші ретінде қолданылмауы тиіс, өйткені сипатталған химиялық заттардың кейбір нысандарының әртүрлі сілтеме нөмірлері бар, ал сипатталған заттардағы қоспалардың да әртүрлі нөмірлері болуы мүмкін.

ML1. 20 мм-нен кем калибрдегі тегіс ұңғылы қару, басқа да қару-жарақ және 12,7 мм калибрдегі (калибрі 0,50 дюйм) немесе одан аз автоматты қару, сондай-ақ зеңбірек керек-жарақтары мен бұл үшін арнайы құрастырылған компоненттер:

(а) Винтовкалар, карабиндер, револьверлер, пистолеттер, автоматты пистолеттер мен пулеметтер:

Ескерту: ML1(а) мыналарды бақыламайды:

1. 1938 жылға дейін дайындалған мушкеттер, винтовкалар мен карабиндер
2. Түпнұсқалары 1890 дейін дайындалған мушкеттердің, винтовкалардың және карабиндердің кескіндері
3. 1890 жылға дейін дайындалған револьверлер, пистолеттер мен пулеметтер және олардың кескіндері

(b) Мынадай тегіс ұңғылы қарулар:

1. Әскери қолдану үшін арнайы жасалған тегіс сүмбілі қару;

2. Мынадай түрдегі басқа да тегіс ұңғылы қару:

(a) толықтай автоматты;

(b) жартылай автоматты немесе қайтармалы-итермелі қозғалыс түріндегі;

(c) гильзасыз оқ-дәрілер қолданылатын қару;

(d) ML1(a), ML1(b) немесе ML1(c) тармақшаларымен бақыланатын қару-жарақтарға арналған өшіргіштер, арнайы қондырмалар, қысқыштар, нысаналар мен от өшіргіштер.

(c) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қолданатын әскери қол атыс қарулары;

1-ескерту: ML1 аңшылық және спорттық мақсаттарға арналған тегіс сүңгілі қаруды бақыламайды. Мұндай қару әскери қару үшін арнайы құрастырылған түрде болмауы тиіс және қарудың автоматты типіне жатпауы тиіс.

2-ескерту: ML1 бос оқ-дәріні пайдалану үшін және бақыланатын оқ-дәрілермен атуға қабілетсіз арнайы құрастырылған атыс қаруын бақыламайды

3-ескерту: ML1 орталықтандырылмайтын әскери гильзасыз оқ-дәрілер пайдаланылатын қаруды, сондай-ақ автоматтық қару санатына жатпайтын қаруды бақыламайды.

ML1. 9303

9305

9301

9302 00 000 0

9013 10 000 0

ML2. 20 мм немесе одан астам калибрлі тегіс ұңғылы қару, 12,7 мм үлкен калибрлі (0,50 дюмді калибр) қару-жарақ, лақтыру қондырғылары мен қондырмалар, сондай-ақ оларға арнайы құрастырылған мынадай бұйымдар:

(a) Пушкалар, гаубицалар, артиллерия пушкалары, минометтер, танкке қарсы қару, лақтырғыш қосу қондырғылары, әскери от шашқылар, кері теппейтін винтовкалар, оларға арналған бүркеме жарақтар;

Ескерту: ML2 (a) инжекторларды, өлшеу құрылғыларын, қойма резервуарларын және олар үшін арнайы құрастырылған, ML2 (a) тармағы бақыламайтын жабдықтарға май құю мақсатында сұйық зымыран отынын пайдалануға арналған басқа компоненттер.

(b) Әскери түтінді, газды немесе пиротехникалық лақтыру қондырғылары немесе генераторлар;

Ескерту: ML2 (b) дабыл пистолеттерін бақыламайды

(c) қаруларға арналған қарауылдар

ML2. 9301

9013 10 000 0

ML3. Оқ-дәрілер мен жарғыш қондырғының құрылғысы және олар үшін арнайы құрастырылған мынадай компоненттер:

(a) ML1, ML2 немесе ML12 бақылайтын қару-жарақтарға арналған оқ-дәрілер ;

(b) ML3 (a) бақылайтын амуниция үшін арнайы әзірленген жарғыш қондырғының құрылғысы;

1-ескерту: Арнайы құрастырылған компоненттер мыналарды қамтиды:

(a) тұтатпа тіректер, патрон гильзалары айналма таспалар мен жарақтардың металл бөліктері сияқты металл немесе пластикалық бұйымдар;

(b) Апаттық немесе әскери жарақтар, жарғыштар, датчиктер мен бастама құрылғылар;

(c) жоғары бір жолғы пайдалану шығыс қуаты бар қорек көздері;

(d) Жанатын зарядтардың гильзалары;

(e) шағын калибрлі бомбаларды, шағын калибрлі миналарды және терминалдан басқарылатын снарядтарды қоса алғанда, көмекші әскери жабдықтар.

2-ескерту: ML3 (a) снарядсыз тығыздалған (бос өзекті) оқ-дәрілерді және дәрі камерасы бұрғыланып тесілген бос оқ-дәрілерді бақыламайды.

3-ескерту: ML3 (a) кез келген мына мақсаттарға:

(a) дабылдық

(b) құстарды үркітуге арналған; немесе

(c) мұнай ұңғыларындағы газды жағуға арналған балауыздарды тұтатуға арнайы әзірленген патрондарды бақыламайды.

ML3. 9305

ML4 Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған төменде санамаланып көрсетілген бомбалар, торпедалар, басқарылмайтын ракеталар, басқарылатын ракеталар және ілеспе жабдық пен аксессуарлар және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер:

Ескерту. ML4 бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 618 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту: Көздеу және навигациялық аппаратура үшін ML11, g ескертпесін қара

Ескерту: ұшақтың ракетаға қарсы қорғану жүйелері (ҰРҚЖ) үшін

а. Бомбалар, торпедалар, гранаталар, түтінді қалбырлар, басқарылмайтын ракеталар, миналар, басқарылатын ракеталар, терең тасталатын бомбалар, бұзу зарядтары, бұзу құрылғылары және оларға жиынтықтар, "әскери пиротехника", патрондар мен имитациялық құрылғылар (осы бұйымдардың қандай да бір болмасын сипаттамаларын имитациялайтын жабдық);

Ескерту: ML4 (a) мыналарды қамтиды:

1. Түтінді қалбырлар, жағатын бомбалар, жағатын оқ-дәрілер мен жару құрылғылары;

2. Басқарылатын зымырандардың шығыршығы мен баллистикалық ұсынымдардың оқсүңгілерінің бас бөлігі.

b. ML4 (a) бақылайтын бұйымдарды басқару, бақылау, белсенді ету, дайындыққа келтіру, зарядтау, ұшыру, көздеу, тралерлеу, зарядтан алу, бағдарынан айыру, кедергілер жасау, бұзу немесе детекторлау.

c. Ұшақтың ракетаға қарсы қорғану жүйесі (ҰРҚЖ).

Ескерту: ML4 (b) мыналарды қамтиды:

1. тәулігіне сұйық нысанда 1 000 кг немесе одан да көп газ шығаруға қабілетті қозғалтпалы газ сұйытқыш жабдық;

2. Магнитті миналарды тралерлеуге жарамды жүзбелі тоқ өткізгіш кабель.

Техникалық ескертпе: өзінің құрастырылымы бойынша тек металл объектілерді табу үшін шектеулі және миналарды басқа да металл объектілерден айыруға қабілетті емес қол құрылғылары ML4 (a) бақылайтын бұйымдарды айқындау үшін арнайы құрастырылған құрылғы ретінде қаралмайды.

Ескертпе: ML4.(c.) мынадай сипаттамалары бар ҰРҚЖ-ны бақыламайды:

a. Ракетаға қарсы дабыл сенсорларының кез келген түрі:

1. 100-400 нм аралығында барынша үні бар енжарлы сенсорлар; немесе

2. Белсенді пульсті Допплерлі ракетаға қарсы дабыл сенсорлары;

b. Радиоэлектронды басу (РЭБ) құралдарын лақтыру жүйесі;

c. "Жер-ауа" класындағы ракеталардан жалтару үшін, олардың көрумен тең инфрақызыл ізін көрсететін дабыл қақпандары;

d. "Азаматтық ұшақта" бекітілген мынадай сипаттамалары бар:

1. ҰРҚЖ тек қана арнайы "азаматтық ұшақта" жұмыс істей алады, онда арнайы ҰРҚЖ орнатылған және ол үшін мынадай құжаттар берілген:

a. Азаматтық үлгідегі сертификат; немесе

b. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) таныған тең құжат;

2. ҰРҚЖ бағдарламаны қамтамасыз етудің санкцияланбаған кіруден қорғауды көздейді; және

3. ҰРҚЖ жүйе жұмысын егер ол бұрын "азаматтық ұшақта" орнатылған одан алынған жағдайда тоқтататын белсенді тетіктен құралады.

ML4. 9306

ML5 Атысты басқарудың төменде санамаланған аппаратурасы, жауынгерлік әзірлікке келтіру мен хабарлаудың ілеспе жабдығы, әскери мақсатты арнайы құрастырылған ілеспе аппаратура және қарсы іс-әрекет жасау аппаратурасы, олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

(a) Зеңбірек нысаналары, бомба бастауға арналған есептеу машиналары, көздеу артиллерия жабдығы және қару-жарақтарды басқару жүйелері;

(b) Нысананы, нысана-нұсқауларды барлау, қашықтықты айқындау, нысананы байқау немесе сүйемелдеу; нысаналарды анықтау аппаратурасы, деректерді қорыту, тану немесе нысаналарды сәйкестендіру жүйесі; нысаналарды анықтаудың техникалық құралдарын интеграциялау аппаратурасы;

(c) ML5 (a) және ML3 (b) тармақтарға сәйкес бақылануға жататын бұйымдарға арналған қарсы іс-әрекет аппаратурасы;

(d) ML5 (a) және ML3 (d) бақылайтын бұйымдарға арнайы арналған тексеру және реттеу жүргізудің далалық жабдығы.

ML5

Ескертпе: ML5.c. тармағы үшін қарсы іс-әрекет аппаратурасы айқындау аппаратурасынан тұрады.

ML6 Жер үсті көлік құралдары мен оларға арналған компоненттер

Ерекше ескерту: Көздеу жүйесі мен навигациялық аппаратура үшін ML11, g ескертпесін қара.

(a) Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жер үсті көлік құралдары мен оларға арналған компоненттер;

Техникалық ескерту: ML6-тармақтағы "жер бетіндегі көлік құралдары" терминімен, сондай-ақ трейлерлер де ұғынылады.

(b) Жолсыз жағдайларда пайдалануға жарамды, баллистикалық қорғаудың III деңгейін (1985 жылғы қыркүйектегі 0108.01 (NI) немесе салыстырмалы ұлттық стандарт) немесе басқа да одан да жоғары деңгейді қамтамасыз ету үшін дайындалған немесе осындай материалдармен жарақталған барлық дөңгелекті көлік құралдары;

Ерекше ескерту: ML6 (a) қара

1-ескертпе: ML6 (a) мыналарды қамтиды:

(a) Танктер және басқа да қарулы көлік құралдары мен қару немесе миналар орналастыруға немесе ML4 бақылайтын әскери жабдықты қосуға арналған аппаратура орнатуға бейімделген әскери автомобилдер;

(b) Бронды автомобилдер;

(c) Амфибия сыныпты көлік құралдары және амунициялар немесе қару жүйесін және көмекші тиеу-түсіру жабдығын сүйреуге немесе тасымалдауға арналған терең сулы көлік құралдары;

(d) Құтқару құралдары және оқ-дәрілер немесе қару жүйесін және жанама тиеу-түсіру жабдығын сүйреуге немесе тасымалдауға арналған құралдар.

2-ескертпе: Әскери мақсат үшін жер бетіндегі көлік құралдарының модификациясы бір немесе одан көп арнайы құрастырылған әскери мақсаттағы

компонентті қамтитын құрылымдық, электрлік немесе механикалық өзгерісті білдіреді. Мұндай компоненттер мыналарды қамтиды:

(а) оқ теспеушілігін ұстау үшін немесе бос шина кезінде қозғалысты жалғастыру үшін арнайы құрастырылған пневматикалық қамтамалар;

(b) Қозғалып бара жатқан көлік құралының ішінен жұмыс істейтін шиналарды үрлеу үшін қысымды басқару жүйесі;

(с) Өмірлік маңызды бөлшектер үшін (мысалы, отын бағы немесе кабина) бронды қорғауды қамтамасыз ету;

(d) Қару үшін арнайы арқаулау немесе қондырма;

(e) Жарық тұмшасы жағдайында жарықтандыру.

3-ескерту: ML6 (а) инкасация немесе құндылықтарды тасымалдауға арналып құрастырылған немесе модификацияланған, брондалған немесе оқпен ататын қарудан қорғанышы бар азаматтық автомобилдерді немесе жүк автомобилдерін бақыламайды.

ML6. 8710 00 000 0

4-ескерту: ML6 мынадай талаптарға сәйкес келетін көлік құралдарын бақыламайды:

a. 1946 жылғы дейін шығарылған;

b. Әскери тізімде көрсетілгендерге жатпайды және 1945 жылдан кейін шығарылған, көлік құралдарына арналған өзіндік компоненттерінің немесе аксессуарларының кескіндерінен басқа; және

c. ML1., ML2. немесе ML4-те көрсетілген қару-жарақтар кірмейді, оның жұмысқа жарамсыз болған және жарықшақтарға бөлуге жарамаған жағдайлардан басқа.

ML7 Мыналар секілді токсикологиялық агенттер, уытты заттар, көзден жас ағызатын газдар, тиісті жабдық, компоненттер, материалдар мен "технологиялар" :

(a) Адамдарды немесе жануарларды зақымдау, жабдықтарды істен шығару, астыққа немесе қоршаған ортаға зиян келтіру мақсатында "әскери мақсатқа бейімделген" биологиялық агенттер мен радиоактивті материалдар, сондай-ақ соғыс жүргізудің химиялық құралдары;

Ескерту: ML7 (a) мыналарды қамтиды:

1. Соғыс жүргізудің химиялық құралдарына жататын жүйке зақымдағыш заттар:

(a) О-алкил (циклоалкилді қоса алғанда, C₁₀ тең немесе одан астам) алкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) фторфосфонаттар, мысалы: Зарин (GB):

О-изопропилметилфторфосфонат (methylphosphonofluoridate) (CAS 107-44-8); және Зоман (GD): О-пинаколилметилфторфосфонат (Pinacolyl methylphosphonofluoridate) (CAS 96-64-0);

(b) О-алкил (циклоалкилді қоса алғанда, C₁₀ тең немесе одан астам) N, N диалкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) - амидоцианфосфонаты (phosphoramidocyanidates), мысалы: Табун (GA): О-этил-N, N-диметиламидоцианфосфат (N,N-dimethylphosphoramidocyanidate) (CAS 77-81-6);

(c) О-алкил (H, немесе циклоалкилді қоса алғанда, C₁₀ тең немесе одан астам) - S-2-диалкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) - аминоэтилалкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) тиофосфонаты (phosphonothiolates) және тиісті алкирленген немесе протонданған тұздар, мысалы: VX: О-этил-S-2-диизопропиламиноэтил-метилтиофосфонат (diisopropylaminoethyl methylphosphonothiolate) (CAS 50782-69-9);

2. Тері ойғыш әсері бар әскери уландырғыш заттар:

(a) күкірт қышасы (күкіртті иприттер), мынадай:

1. 2-хлорэтилхлорометилсульфид (chloroethylchloromethylsulphide) (CAS 2625-76-5);

2. Бис(2-хлорэтил)сульфид (иприт) (CAS 505-60-2);

3. Бис(2-хлорэтилтио)метан (CAS 63869-13-6);

4. 1,2-бис(2-хлорэтилтио)этан (сесквииприт) (CAS 3563-36-8);

5. 1,3-бис(2-хлорэтилтио)-n-пропан (CAS 63905-10-2);

6. 1,4-бис(2-хлорэтилтио)-n-бутан (CAS 142868-93-7);

7. 1,5-бис(2-хлорэтилтио)-n-пентан (CAS 142868-94-8);

8. Бис(2-хлорэтилтио)метил)эфир (CAS 63918-90-1);

9. Бис(2-хлорэтилтиоэтил)эфир (О-иприт) (CAS 63918-89-8)

(b) Льюизиттер, мынадай:

1. 2-хлорвинилдихлорарсин (люизит 1) (CAS 541-25-3);

2. Бис(2-хлорвинил)хлорарсин (люизит 2) (CAS 40334-69-8);

3. Три(2-хлорвинил)арсин (люизит 3) (CAS 40334-70-1);

(c) Азот қышалары (азотты иприты), мынадай:

1. HN1: Бис(2-хлорэтил)этиламин (CAS 538-07-8);

2. HN2: Бис(2-хлорэтил)метиламин (CAS 51-75-2);

3. HN3: Три(2-хлорэтил)амин (CAS 555-77-1)

3. Қатардан шығаратын әскери химиялық заттар, мынадай: 3-хинуклидинилбензилат (BZ) (CAS 6581-06-2);

4. Әскери дефолианттар, мынадай:

Бутил 2-хлоро-4-фторфеноксиацетат (fluorophenoxyacetate) (LNF);

2,4,5-трихлорфеноксиуксусті (trichlorophenoxyacetic) қышқылы, 2,4-дихлорфеноксиуксусті (dichlorophenoxyacetic) қышқылмен араласқан (сарғылт зат).

(b) Төменде көрсетілген әскери химиялық заттарға жататын бинарлы және өзекті прекурсорлар:

1. Алкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) фосфонилдифториды, мысалы, DF: метилфосфонилдифторид (CAS 676-99-3);

2. 0-Алкил (H, немесе циклоалкилді қоса алғанда, C₁₀ тең немесе одан астам) - O-2-диалкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) - аминоэтилалкил (метил, этил, пропил немесе изопропил) фосфониты және тиісті алкирленген немесе протонданған тұздар, мысалы: QL: O-этил- O-(2-диизопропиламиноэтил) метилфосфонит (CAS 57856-11-8);

3. Хлорзарин: O-изопропилметилхлорфосфонат (CAS 1445-76-7);

4. Хлорзоман: O-пинаколилметилхлорфосфонат (CAS 7040-57-5);

(c) құрамында мыналар бар "жас шығаратын газдар" мен "жаппай тәртіпсіздікті ұстау құралдары:

Бромбензилцианид (CA) (CAS 5798-79-8);

2. o-Хлорбензилиденмалонитрил (o-хлорбензаль-малонитрил) (CS) (CAS 2698-41-1);

3. Фенацилхлорид (w-хлорацетофенон) (CN) (CAS 532-27-4);

4. Дибензол (b, f)-1,4-оксазепин (CR) (CAS 257-07-8);

Ескерту: ML7 (c) жеке оралған жас шығаратын газдарды немесе жеке өзін өзі қорғау мақсатына арналған жаппай тәртіпсіздікті ұстау құралдарын бақыламайды.

(d) бақылануға жататын материалдарды немесе заттарды тарату үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

1. ML7 (a) немесе (c) бақылайтын материалдар немесе химиялық заттар; немесе

2. ML7 (b) бақылайтын прекурсорлардан жасалған әскери химиялық заттар.

(e) Төмендегі оның компоненттері үшін арнайы құрастырылған және қорғау және зарарсыздандыру техникасы мен химиялық қоспалар үшін арнайы жасақталған формулалар:

1. ML7 (a) тармағына сәйкес бақылауға жататын, әскери қолдану үшін, улайтын заттарға қарсы қорғану үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

2. ML7 (a) немесе (c) тармағы бақылайтын, объектілерді, уланған материалдарды зарарсыздандыру үшін әскери қолдануға арналып арнайы

құрастырылған немесе модификацияланған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер

3. ML7 (a) тармағымен бақыланатын объектілерді, уланған материалдарды зарарсыздандыру үшін арнайы әзірленген немесе жасақталған химиялық қоспалар

Ескерту: ML7 (e) (1) мыналарды қамтиды:

(a) ядролық, биологиялық немесе химиялық тазалау үшін арнайы әзірленген немесе модификацияланған ауаны баптауға арналған аппараттар;

(b) Қорғаныш киімдері

Ескерту: Азаматтық противогаздар, қорғау құралдары мен зарарсыздандыру техникасы үшін екіұдай мақсатты тізімнің 1A004 тармағын қара

(f) ML7 (a) тармағына сәйкес бақылауға жататын заттарды табу немесе айқындау үшін арнайы құрастырылған жабдық және ол үшін арнайы құрастырылған компоненттер;

Ескерту: ML7 (f) жеке радиациялық дозиметрлерді бақыламайды.

Ерекше ескерту: екіұдай мақсатты тізімнің 1A004 тармағын қара

(g) ML7 (a) тармағына сәйкес бақылауға жататын заттарды табу немесе айқындау үшін арнайы құрастырылған "биоплимерлер", сондай-ақ оларды өндіру үшін пайдаланылатын ерекше жасушалы дақылдар

(h) Уландыратын заттардың әсер етуін залалсыздандыруға немесе төмендетуге арнайы арналған төменде санамаланған "биокатализаторлар", сондай-ақ оларға арналған биологиялық жүйелер:

1. ML7 (a) тармаққа сәйкес уландыратын заттарды залалсыздандыру немесе төмендету үшін арнайы арналған, биологиялық жүйелермен мақсатты бағытталған селекцияның немесе генетикалық манипуляцияның нәтижесінде алынған биокатализаторлар";

2. ML7 (h) (1) тармаққа сәйкес "биокатализаторлардың" синтезі үшін генетикалық ақпараты бар "экспрессия векторлары", вирустар немесе жасушалы дақылдар секілді биологиялық жүйелер;

(i) Төменде көрсетілген "технологиялар":

1. ML7 (a) тармағынан ML7 (i) тармағы бойынша көрсетілген токсинді агенттерді "жасауға", "өндіруге" немесе "пайдалануға" арналған технологиялар, тиісті жабдық немесе компоненттер;

ML7 (g) көрсетілген "биополимерлерді" немесе жасушалы дақылдарды "жасауға", "өндіруге" арналған "технологиялар";

3. ML7 (h) 1 көрсетілген "биокатализаторларды" әскери оқ-дәрілерге немесе материалдарға енгізуге арнайы арналған "технологиялар".

1-ескерту: ML7 (a) және ML7 (c) сәйкес мыналар бақылануға жатпайды:

(a) хлорциан (CAS 506-77-4). Екіұдай мақсаттағы тізімнің 1C450 (a) 5 қара;

- (b) цианлы сутегі қышқылы (CAS 74-90-8);
- (c) хлор (CAS 7782-50-5);
- (d) карбонил хлорид (фосген) (CAS 75-44-5). Екіұдай мақсаттағы тізімнің 1C450(a)4 қара;
- (e) дифосген (трихлорметил-хлорформиат) (CAS 503-38-8);
- (f) этилбромацетат (CAS 105-36-2);
- (g) ксиллбромид, ortho: (CAS 89-92-9), meta: (CAS 620-13-3), para: (CAS 104-81-4);
- (h) бензилбромид (CAS 100-39-0);
- (i) бензилиодид (CAS 620-05-3);
- (j) бромацетон (CAS 598-31-2);
- (k) бромциан (CAS 506-68-3);
- (l) бромметилэтилкетон (CAS 816-40-0);
- (m) хлорацетон (CAS 78-95-5);
- (n) этил йодацетат (CAS 623-48-3);
- (o) иодацетон (CAS 3019-04-3);
- (p) хлорпикрин (CAS 76-06-2). Екіұдай мақсаттағы тізімнің 1C450 (a) 7 қара.

2-Ескерту: ML7 (g), ML7 (h) (2) және ML7 (i) (3) тармақтарда көрсетілген "технологиялар", жасушалы дақылдар мен биологиялық жүйелер ерекшелік болып табылады. Ауыл шаруашылығы, фармацевтика, медицина, мал дәрігерлігі, қоршаған ортаны қорғау, тамақ өнеркәсібі немесе ағынды суларды тазарту секілді салаларда пайдаланылатын "технологиялар", жасушалы дақылдар мен биологиялық жүйелер бақылануға жатпайды.

ML7. a. 1. 2931 00

ML7. a. 1. a. 2931 00 950 0

ML7. a. 1. b. 2931 00 950 0

ML7. a. 1. c. 2931 00 950 0

ML7. a. 2. a. 1. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 2. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 3. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 4. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 5. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 6. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 7. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 8. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. a. 9. 2930 50 000 0

ML7. a. 2. b. 1. 2931 00 950 0

ML7. a. 2. b. 2. 2931 00 950 0

ML7. a. 2. b. 3. 2931 00 950 0

ML7. а. 2. с. 1. 2921 19 800 0

ML7. а. 2. с. 2. 2921 19 800 0

ML7. а. 2. с. 3. 2921 19 800 0

ML7. а. 3. 2933 39 990 0

ML7. а. 4. 2931 00

ML7. б. 1

ML7. б. 2. 2931 00

ML7. б. 3. 2931 00 950 0

ML7. б. 4. 2931 00 950 0

ML8. Төмендегі "энергетикалық материалдар" мен жанама заттар:

Ескерту. ML8 бөлікке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.06.2013 № 618 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ерекше ескерту: Қосарлы мақсаттағы тізімнің 1С011 қара

Техникалық ескертпе:

1. Бұл тармақтың мақсаттары үшін қоспа ең аз дегенде ML 8 тармақшаларында көрсетілген бір заты бар екі немесе одан да көп затпен қосылуына жатады.

2. ML 8 тармақшасындағы кез келген зат тіптен көрсетілген мақсат бойынша пайдаланбағанның өзінде осы тізіммен бақыланады. Мысалы, TAGN басым түрде жарылғыш зат ретінде қолданылады, бірақ отын немесе тотықтырғыш ретінде де қолданылуы мүмкін.

(а) Төмендегі "жарылғыш заттар" мен олардың қоспалары:

1. ADNBF (аминодинитробензофуноксан (aminodinitrobenzofuroxan) немесе 7-амино-4,6-динитробензофуразан (dinitrobenzofurazane)-1 -оксид) (CAS 97096-78-1);

2. BNCP (цис-бис (cis-bis) (5-нитротетрацолат (nitrotetrazolato)) тетрамин-кобальт (amine-cobalt) (III) перхлорат) (CAS 117412-28-9);

3. CL-14 (диамино динитробензофуноксан (diamino dinitrobenzofuroxan) немесе 5,7-диамино- 4,6-динитробензофуноксан- 1-оксид) (CAS 117907-74-1);

4. CL-20 (HNIW немесе гексанитрогексаазаизовурцитан (hexanitrohexaazaisowurtzitanе)) (CAS 135285-90-4); хлатраттар (chlathrates) CL-20 (оның прекурсорлары үшін ML8 (g)(3) және (g)(4) тармақтарын қара);

5. CP (2-(5-цианотетрацолат (cyanotetrazolato)) пента амин-кобальт (amine-cobalt) (III) перхлорат) (CAS 70247-32-4);

6. DADE (1,1-диамино-2,2-динитроэтилен, FOX7);

7. DATB (диаминотринитробензол (diaminotrinitrobenzene)) (CAS 1630-08-6);

8. DDFP (1,4-динитродифурацанопиперазин (dinitrodifurazanopiperazine));

9. DDPO (2,6-диамино-3,5-динитропиразин (dinitropyrazine)-1-оксид, PZO)(CAS 194486-77-6);

10. DIPAM (3,3'-диамино-2,2', 4,4', 6,6'-гексанитробифенил (hexanitrobiphenyl) немесе дипикрамид (dipicramide)) (CAS 17215-44-0);

11. DNGU (DINGU немесе динитрогликолурил (dinitroglycoluril)) (CAS 55510-04-8);

12. Мына фуразалар (furazans):

(a) DAAOF (диаминоазоксифуразан (diaminoazoxyfurazan));

(b) DAAzF (диаминоазофуразан (diaminoazofurazan)) (CAS 78644-90-3);

13. НМХ және төмендегі сияқты оның туындылары (тиісті прекурсорлар үшін ML8(g)(5) қара):

(a) НМХ (циклотетраметилентетранитрамин (cyclotetramethylenetetranitramine), октагидро (octahydro)-1,3,5,7-тетранитро (tetranitro)-1,3,5,7-тетразин (tetrazine), 1,3,5,7-тетранитро (tetranitro)-1,3,5,7-тетраза-циклооктан (tetraza-cyclooctane), октоген (octogen) немесе октогенный (octogene)) (CAS 2691-41-0) - 3602 00 000 0;

(b) дифтораминалік (difluoroaminated) НМХ іспеттестер;

(c) К-55 (2,4,6,8-тетранитро-2,4,6,8-тетразабицикло (tetraazabicyclo) [3,3,0]-октанон (octanone)-3, тетранитросемигликуруил (tetranitrosemiglycouril) немесе кето-бициклический (keto-bicyclic) НМХ) (CAS 130256-72-3);

14. HNAD (гексанитроадамантан (hexanitroadamantane)) (CAS 143850-71-9);

15. HNS (гексанитростильбен (hexanitrostilbene)) (CAS 20062-22-0);

16. Мына имидазолдар:

(a) BNNII (октагидро (octahydro)-2,5-ди (нитроимино) имидазо [4,5-d] имидазол);

(b) DNI (2,4-динитроимидазол (dinitroimidazole)) (CAS 5213-49-0);

(c) FDIA (1-фтор-2,4-динитроимидазол (dinitroimidazole));

(d) NTDNIA (N-(2-нитротриазоло (nitrotriazolo))-2,4-динитроимидазол (dinitroimidazole));

(e) PTIA (1-пикрил (picryl)-2,4,5-тринитроимидазол (trinitroimidazole));

17. NTNMI (1-(2-нитротриазоло (nitrotriazolo))-2-динитрометилен (dinitromethylene) гидразин);

18. NTO (ONTA немесе 3-нитро-1,2,4-триазол-5-он (-one)) (CAS 932-64-9);

19. төрт нитро топтан астамы бар;

20. PUX (2,6-ди (пикриламино (picrylamino))-3,5-динитропиридин (dinitropyridine)) (CAS 38082-89-2);

21. RDX және темендегідей оның туындылары:

(a) RDX (циклотриметилентринитрамин, циклониг, Т4, гексагидро-1,3,5-тринитро-1,3,5-триазин; 1,3,5-тринитро-1,3,5-триазациклогексан, гексоген или гексогенный) (CAS 121-82-4);

- (b) Keto-RDX (К-6 немесе 2,4,6-тринитро-2,4,6-триазадициклогексанон) (CAS 115029-35-1);
22. TAGN (триаминогуанидиннитрат (triaminoguanidinenitrate)) (CAS 4000-16-2);
23. ТАТВ (триаминотринитробензол (triaminotrinitrobenzene)) (CAS 3058-38-6) (тиісті прекурсорлар үшін ML8 (g) 7 қара);
24. TEDDZ (3,3,7,7-тетрабис (tetrabis) (дифторамина (difluoroamine)) октагидро (octahydro)-1,5-динитро-1,5-диазоцин (diazocine));
25. Мына тетразолдар:
- (a) NTAT (нитротриазол аминотетразол (nitrotriazol aminotetrazole));
- (b) NTNT (1-Н-(2-нитротриазоло (nitrotriazolo))-4-нитротетразол (nitrotetrazole));
26. Тетрил (тринитрофенилметилнитрамин (trinitrophenylmethylnitramine)) (CAS 479-45-8);
27. TNAD (1,4,5,8-тетранитро-1,4,5,8-тетраазадекалин (tetraazadecalin)) (CAS 135877-16-6) (тиісті прекурсорлар үшін ML8 (g) 6 қара)
28. TNAD (1,3,3-тринитроазетидин (trinitroazetidine)) (CAS 97645-24-4) (тиісті прекурсорлар үшін ML8 (g) 2 қара);
29. TNGU (SORGUYL немесе тетранитрогликолурил (tetranitroglycoluril)) (CAS 55510-03-7);
30. TNP (1,4,5,8-тетранитро-пиридазино (tetranitro-pyridazino) [4,5-d] пиридазин (pyridazine)) (CAS 229176-04-9);
31. Мына триазиндер:
- (a) DNAM (2-окси-4,6-динитроамино-с-триазин (dinitroamino-s-triazine)) (CAS 19899-80-0);
- (b) NNHT (2-нитроимино (nitroimino)-5-нитро-гексагидро (hexahydro)-1,3,5 триазин (triazine)) (CAS 130400-13-4);
32. Мына триазолдар:
- (a) 5-азидо (azido)-2-нитротриазол (nitrotriazole);
- (b) ADHTDN (4-амино-3,5-дигидразино (dihydrazino)-1,2,4-триазол динитрамид (triazole dinitramide)) (CAS 1614-08-0);
- (c) ADNT (1-амино-3,5-динитро-1,2,4-триазол (triazole));
- (d) BDNTA ([ди-динитротриазол (bis-dinitrotriazole)] амин);
- (e) DBT (3,3'-динитро-5,5-би (bi)-1,2,4-триазол (triazole)) (CAS 30003-46-4);
- (f) DNBT (динитробистриазол (dinitrobistriazole)) (CAS 70890-46-9);
- (g) NTDNA (2-нитротриазол (nitrotriazole) 5-динитрамид (dinitramide)) (CAS 75393-84-9);
- (h) NTDNT (1-Н-(2-нитротриазоло (nitrotriazolo)) 3,5-динитротриазол (dinitrotriazole));

(i) PDNT (1-пикрил-3,5-динитротриазол (dinitrotriazole));

(j) TACOT (тетранитробензотриазолобензотриазол (tetranitrobenzotriazolobenzotriazole)) (CAS 25243-36-1);

33. Детонациясының жылдамдығы 8 700 м/с-ден жоғары немесе детонациясының қысымы 34 ГПа-дан жоғары (340 килобар) ең барынша беріктік кезіндегі ML8 (a) көрсетілмеген кез келген жарылғыш зат; 3602 00 000 034.

34. ML8 (a) тармақта көрсетілмеген, детонациясының даму қысымы 25 ГПа (250 кбар) немесе жоғары және 523 К (250 ° C) немесе жоғары температура кезінде 5 минут бойы тұрақты немесе ұзақ болатын басқа да органикалық жарылғыш заттар;

(b) Мынадай "зымыран отыны":

1. Металданбағандар үшін 250 с-тен жоғары теориялық үлестік импульсі (қалыпты жағдайлар кезінде) немесе алюминийленген композициялар үшін 270 с-тен жоғары 1.1.00Н сыныбының қатты зымыран отыны;

2. Галогенденгендер үшін 230 с-тан, металданбағандар үшін 250 с-тан және металданған композициялар үшін 266 с-тан жоғары теориялық үлестік импульсімен (қалыпты жағдайлар кезінде) 1.3.00Н сыныбының қатты зымыран отыны;

3. Күштік константасы 1200 кДж/кг жоғары "зымыран отыны";

4. Қалыпты жағдайлар (ингибрирленген бір біржылғалы жайылу түрінде өлшенеді) кезінде, яғни 6.89 МПа (6,89 бар) кезінде және 294К (21 ° C) температурада 38 мм/сек жоғары жанудың тұрақты жылдамдығын сақтауға зымыран отыны;

5. Ең жоғары жүктеме кезінде 233 К (-40 ° C) температурада 5% астамға созылатын екіұдай негіздегі элестомерлік модификацияланған құйылған зымыран отыны;

6. ML8 (a) тармағында көрсетілген заттардан тұратын кез келген "зымыран отыны".

Әскери мақсаттар үшін арнайы құрастырылған Әскери тізімде айтылмаған ракета отыны.

7. Әскери мақсаттар үшін арнайы құрастырылған Әскери тізімде айтылмаған ракета отыны.

(c) Мынадай "әскери пиротехника", отын және ілеспе заттар және олар үшін қоспалар:

1. Әскери мақсат үшін арнайы құрамның авиациялық отыны;

2. Алан (Alane) (алюминийдің гидридi) (CAS 7784-21-6);

3. Карборандар: декаборон (CAS 17702-41-9); пентаборан (CAS 19624-22-7) және 18433-84-6) және олардың туындылары; 2849 90 100 0; 2850 99 900 0

4. Мынадай сияқты гидразин және оның туындылары (туынды гидразинді қышқылдандыратын үшін ML8 (d) 8. және 9 (d):

(a) 70 % немесе одан да кеп шоғырланудағы гидразин (CAS 302-01-2); 2825 10 000 0, 2928 00

(b) монометилгидразин (CAS 60-34-4);

(c) симметриялық диметилгидразин (CAS 540-73-8);

(d) симметриялық емес диметилгидразин (CAS 57-14-7); 2928 00, 2928 00 900 0,

5. Сферикалық, тозаңданған, сферодальды, кебек тәрізді немесе ұнтақталған бөлшектерден тұратын, мынадай материалдардың кез келгенінің 99% немесе одан көп мөлшерінен тұратын материалдан әзірленген металл отын:

(a) Металлдар және олардың қоспалары:

1. Бөлшектерінің мөлшері 60 мкм немесе кем бериллий (CAS 7440-67-7);

2. Бөлшектерінің мөлшері 3 мкм немесе кем, темір қышқылын сутегімен қалпына келтіру жолымен алынған темір ұнтақ (CAS 7439-89-6);

(b) Мынадай материалдардың кез келгені бар қоспалар:

1. Бөлшектерінің мөлшері 60 мкм кем цирконий (CAS 7440-67-7), магний (CAS 7439-95-4) және олардың қоспалары;

2. Бордан (CAS 7440-42-8) немесе бордың карбидінен (CAS 12069-32-8) әзірленген 85% таза немесе жақсырақ және бөлшектерінің мөлшері 60 мкм кем отын;

6. Металдардың стеарттары немесе пальмитаттары (сондай-ақ октал секілді белгілі) секілді отатқыштарда немесе тұтандырғыш оқ-дәрілерде пайдалануға арналған арнайы құрамның көміртегі отынын қоюлатушылары бар әскери материалдар (CAS 637-12-7); қоюлатушылар M1, M2, M3;

7. Ұнтақты металды немесе өзге де жоғары энергиялы отындық компонентті перхлораттардың, хлораттардың және хроматтардың композициясы;

8. 99% немесе одан астам алюминийден тұратын материалдан жасалған бөлшектерінің мөлшері 60 мкм және одан кем сфералық алюминийлі ұнтақ (CAS 7429-90-5);

9. Титанның стехиометрикалық субгидридi (TiH) 0.65-1.68

1-ескерту: ML8 (c) тармағымен бақыланатын авиациялық отын құрамдас емес түпкі өнім болып табылады.

2-ескерту: ML8 (c) 4a коррозиямен күрес үшін арнайы жасалған гидразиннің қоспасын бақыламайды.

3-ескерту: ML8 (c) 5 көрсетілген металдар мен қоспалардан тұратын жарылғыш заттар мен отын алюминийдегі, магнийдегі, цирконийдегі немесе бериллийдегі металдар мен қоспалардың қорытындысына байланыссыз бақыланады.

4-ескерту: ML8 (с) 5 (b) бор-10-мен байытылған (20 % немесе бор-10-ның жалпы құрамынан астам) бор мен бор карбидін бақыламайды.

(d) Мынадай қышқылданғыштар және олардың қоспалары:

1. ADN (динитрамид аммония немесе SR 12) (CAS 140456-78-6);
2. AP (перхлорат аммония) (CAS 7790-98-9);
3. фтордан және мынадай қоспалардың біреуінен тұратын қосылыстар:

(a) Басқа да галогендер;

(b) Оттегі; немесе

(с) Азот;

2812; 2826

Ескерту: ML8 (d) 3 хлордың трифторидін бақыламайды. Қосарлама мақсаттағы тізімдегі 1C238 қараңыз.

4. DNAD (1,3-динитро-1,3-диазетидин (diazetidine)) (CAS 78246-06-7);

5. HAN (гидроксиламмонийдің нитраты) (CAS 13465-08-2);

6. (HAP) (гидроксиламмония перхлорат) (CAS 15588-62-2);

7. HNF (гидразиннің нитроформаты (hydrazinium nitroformate)) (CAS 20773-28-8);

8. Гидразиннің нитраты (CAS 37836-27-4);

9. Гидразинперхлорат (CAS 27978-54-7);

10. Ингибирленген түтіндеген азот қышқылынан (IRFNA) (CAS 8007-58-7) немесе өзінің құрамында олар бар сұйық қышқылдағыштар;

